Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 42 (1305)

30.10.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ЕМ ІЗДЕГЕН ЕЛ

ЖАРИЯЛАНҒАН ЖАЙҒА ЖАУАП КЕЛДІ

Баян ТАҢАТАРОВА
«Алатау»

«Алатау» газетіне оқырмандардан жариялауды өтінген көптеген сұрақтар түсіп жатады. Олардың біразы газетіміздің №28,36,37 сандарында жарық көрді. Мәселе денсаулық саласына байланысты болған соң газет редакциясы Жетісу облыстық Денсаулық басқармасы басшысына жарияланған мәселелермен қатар өзге де сұрақтарды қойып жолдаған едік. Жауап кешікпей келді. Төменде оқырмандар өздері қойған сұрақтарға жауап таба алады.

1-сұрақ: Басқарма бастығы ретінде Сіз тұрғындарды жеке сұрақтармен қабылдайтын арнайы белгіленген күн бар ма? Оған жазылу тәртібі қандай?

Жауап: Басқарма басшысы мен оның орынбсарларының азаматтарды жеке қабылдау кестесі бекітілген. Қабылдауға алдын ала жазылу сәрсенбі және жұма күндері сағат 15-00-ден 17-00-ге дейін жүргізіледі.

Жеке қабылдауға жазылу үшін 8(7282) 60-02-30 телефон номеріне басқарма басшысы немесе оның орынбасарларының қабылдауына жазылуға болады.

2-сұрақ: Жыл басынан бері осындай жеке сұрақтармен қанша адам қабылдадыңыз?

Жауап: 2026 жылдың басынан бері басқарма басшысының жеке қабылдауында болған азаматтардың саны – 15.

3-сұрақ: Газеттің 28-нөмірінде көпсалалы ауруханаға түскен ауруға дұрыс диагноз қойылмай, нәтижесінде ауру адам ақылы клиникаға баруға мәжбүр болған. Сіз осы фактімен таныссыз ба? Газеттің №37 санында денсаулық саласындағы мемлекеттік аурухана болып саналатын «Талдықорған көпсалалы ауруханасы» дәрігерінің дұрыс диагноз қоймауы салдарынан ауру ақылы клиникаға жүгініп, опрециясына 1млн. 300 мың теңге төлеуге мәжбүр болған.

Жауап: Бұл мәселе бойынша «Талдықорған қалалық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МКК-де пациентке көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен қабылданған медициналық шешімдердің негізділігін бағалау мақсатында тәуелсіз сараптамалық комиссияның жұмысы жүргізілуде. Тексеру және бағалау нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасалып, Басқарманың құзіреті шегінде шаралар қабылданатын болады.

4-сұрақ: «Алатау» газетінің №37 санында газет оқырманы шілде айынан қыркүйек айына дейін балалар емханасындағы көз ауруы дәрігерінің қабылдауына кіре алмаған. Себебі дәрігер пайдаланбаған 2 жылғы еңбек демалысын алып, 2 ай демалған. **Сұрақ -** Балалар көз дәрігері жалғыз адам ғана ма? Оны еңбек демалысына кеткенде ауыстыратын басқа көз дәрігері неге қарастырылмаған? Өйткені каникул кезінде ем ала алмаған бала сабақ басталғанда ем алуға мәжбүр. Бұған не айтасыз?

Жауап: Балалар офтальмологы туралы мәселе. «Талдықорған қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-де штаттық кестеге сәйкес балалар офтальмологының екі штаттық бірлігі қарастырылған. Емханаға тіркелген 0-18 жас аралығындағы балалардың саны 40 мыңды құрайды. Бұл тіркелген халықтың жалпы санының 33 пайызына тең. Қазіргі уақытта балалар офтальмологының штаттық бірліктері 1,5 мөлшерінде қамтылған.

Дәрігер Солтанқұлова Т.Б. ауруына байланысты жүгінген балаларды қабылдауды және <u>ұйымдастырылмаған жастағы</u> (бұл қандай санат? – редакция сұрағы) балалардың профилактикалық тексерулерін толық мөлшерлеме бойынша жүзеге асырады. Дәрігер Ахметова Ж.Ж. мектеп жасындағы балаларды профилактикалық тексеруден өткізу мақсатында 0,5 мөлшерлеме бойынша қабылдайды.

Динамикалық бақылауға байланысты жүгінетін пациенттер үшін дәрігердің қабылдауына өздігінен жазылу мүмкіндігі қарастырылған.



Өндірістік қажеттілікке байланысты дәрігер Солтанқұлова Т.Б. 2026 жылғы 3 тамызда еңбек демалысынан кері шақыртылған. Қазіргі уақытта балалар офтальмологының қабылдауына жазылу кезегін күту мерзімі 7 күннен аспайды.

5-сұрақ: Талдықорған қаласының оңтүстік батысында орналасқан «Береке» және «Ынтымақ» ауылдары үшін типтік емес медициналық пунктте №52, №67, №70 участоктар тіркелген.

1) Осы 3 участоктегі ауруларды екі дәрігер қабылдайды. Участоктерде адам көп, әсіресе түске дейін аурулар кезек күтіп көп уақыттары кетеді.

2) Осы үш участокта жүрек, қан қысымы, созылмалы бронхит және т.б. ауырулармен есепке тіркелген жандар, көбісі жасы келген ата-әжелер, тиісті дәрілерге накладной қағазын алып, 6 шағын аудандағы поликникадан барып дәрілерін алады. Ол жерде де кезекке тұрады және дәл жетпей алыстан айналып өтетін 13, 27, 227 маршрутты автобустардан түсіп жаяулап жеткенше шаршап та қалады, кейде тиісті дозадағы дәрі бітіп те кетеді. Сол сияқты қиыншылықтар жетіп артылады.**Сұрақ -** Сол дәрілерді қарт, денсаулығы жоқ адамдарға жағдай жасап, учаскелік медпунктте таратуға болмай ма?

Жауап: Қазіргі уақытта тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және қолданыстағы емханаларға түсетін жүктемені азайту мақсатында тәулігіне 500 келушіге арналған № 3 қалалық емхананы іске қосуда. Осы емхана қолданыстағы емханалардағы жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

Редакциядан: *Біздің қойған сұрақтарымызға жауап жазған Басқарма бастығының орынбасары А.Кенжеғұлова екен. 5-ші сұрақтың жауабы жартылай беріліпті. 6- шы шағын аудандағы емханаға барып дәрі алатын қарт ауруларға дәріні енді №3 емхана бере ме, әлде Ынтымақ ауылындағы емхана беретін бола ма? Осы жағын түсінбедік.*

Жауап хатқа қол қойған А.Кенжеғұлова ханымға тағы бір наз: Денсаулық басқармасы басшысына жазылған хатқа қол қойған «Алатау» газетінің бас редакторы Баян Таңатарова болса, Сіз неге жауап хатыңызды «Офсет-Болашақ» баспаханасының директоры Бақберген Түкібаевқа жолдағаныңыз түсініксіз. Баспахана мен редакцияның айырмашылығын білген жөн, А.Кенжеғұлова ханым.

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

Енді әлеуметтік төлемдердің кейбір түрін алу кезінде отбасының табысы, мүлкі және жалпы тұрмыс жағдайы ескеріледі, – деп хабарлайды Aikyn.kz сайты.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жаңа талап республикалық бюджеттен төленетін 36 түрлі жәрдемақының 14-іне қатысты болады. Қалған 22 төлем бұрынғы тәртіппен тағайындалады. Жаңа жүйе бойынша отбасылар әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай бес санатқа бөлінеді. А және В санаттарына әл-ауқаты жоғары отбасылар жатқызылса, С, D және Е санаттары тұрмыстық жағдайы қанағаттанарлық немесе әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарды қамтиды.Негізгі өзгеріс – А және В санатындағы отбасылардың жекелеген жәрдемақыларды алу мүмкіндігі шектеледі. Ал қалған санаттағы азаматтар белгіленген талаптарға сай келсе, мемлекеттік қолдау алу құқығын сақтайды. Өзгерістер балалы отбасыларға, күтімге, асыраушысынан айырылуға және мүгедектікке байланысты төлемдердің кейбір түрлерін қамтиды. Дегенмен барлық жәрдемақы бірдей тоқтатылмайды.

ЖЕТІСУДА 1,5 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ АЛТЫН КЕНІН ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРМАҚШЫ БОЛҒАН

Жетісу облысында жалпы құны 1,5 млрд теңге болатын 2,6 мың тонна алтын құрамды кенді шетелге заңсыз шығаруға әрекет жасалған. Бұл туралы Newsroom.kz Қаржылық мониторинг агенттігіне сілтеме жасап хабарлайды.

Тергеу мәліметінше, шикізатты шетелге шығару үшін кедендік құжаттарда жүк «мыс кені мен концентраттары» деп көрсетілген. Осылайша оның нақты құрамы жасырылмақ болған. Тергеу және жедел-іздестіру шаралары барысында Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарындағы қоймалардан ірі контейнерлерге салынған 1 000 тоннадан астам шикізат табылды. Заңсыз әрекетті ұйымдастыруға қатысы бар деген күдікпен экспорттаушы «RedGold Mining» ЖШС директоры және өзге де тұлғалар анықталды. Екі күдікті қамауға алынды. Сонымен қатар соттың рұқсатымен сериктестіктің ақшалай қаражатына тыйым салынды. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес тергеудің өзге мәліметтері жария етілмейді.

АЛАКӨЛ АУДАНЫНДА ӨСІМДІК МАЙЫ ӨНДІРІЛЕ БАСТАДЫ

Республика күні қарсаңында Жетісу облысында айына 1 800 тоннаға дейін өсімдік майын өндіруге қауқарлы жаңа кәсіпорын іске қосылды. Жобаға 61 млн теңгеден астам инвестиция тартылған, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алакөл ауданының Екпінді ауылында орналасқан «New Silver Central Asia Grain & Oil» ЖШС кәсіпорны құрылтайшыларының айтуынша, өндіріс цехын дәл осы аумақта орналастыру кездейсоқ емес. Ауданның өзі және оған іргелес өңірлер кәсіпорынды сапалы шикізатпен қамтамасыз ете алады. Зерттеу нәтижесіне қарағанда, жергілікті шаруалардың кәсіпорынға жеткізуге дайын күнбағыс тұқымдарының сапалық көрсеткіштері өте жоғары. Аудан әкімі Алмас Абдиновтың айтуынша, Алакөл ауданында дәнді және майлы дақылдар 80 мың гектар жерге егілген. Алайда өндірілген өнім осы уақытқа дейін негізінен шикізат күйінде сатылып келген. Сондықтан өңдеу цехының іске қосылуы аудан үшін маңызды оқиға деуге болады.

ЫСТАМБҰЛДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗДЫҢ ӨЛІМІНЕН СОҢ НАРАЗЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Түркияның Ыстамбұл қаласында 26 жастағы қазақстандық Айсұлу Бекмаханованың қазасына байланысты акция өтті. «Социалистік әйелдер кеңестері» ұйымының белсенділері оқиғаның мән-жайын толық анықтауды талап етіп, қыздың өлімін суицид деп бағалауға күмән келтірді. Алайда оның өлімі бойынша түпкілікті қорытынды әзірге жарияланған жоқ, деп хабарлайды Tizgin.kz.

Түркияның ETHA ақпарат агенттігі мәліметінше, Sosyalist Kadın Meclisleri (SKM) ұйымы мүшелері Айсұлу Бекмаханова ажал құшқан көшеге жиналған. Олар әйелдердің күмәнді өлім-жітіміне қатысты оқиғаларды мұқият тексеріп, барлық мән-жайды анықтау қажеттігін мәлімдеді. Акция барысында «Бұл – суицид емес, кісі өлтіру» деген ұран айтылған. Алдын ала деректер бойынша, қыз алтыншы қабаттағы пәтердің балконынан көршілес ғимарат шатырына өткен. Кейін шатырдың панелі сынып, ол екі ғимарат арасындағы екінші жерасты қабатының деңгейіне құлаған. Оқиға орнына жеткен медицина қызметкерлері оның қайтыс болғанын анықтады. Оқиғаға байланысты прокуратура тапсырмасымен екі адам ұсталды. Олар – Бекмахановамен бірге тұрған 22 жастағы Ресей азаматы Дарья Б. және түрік БАҚ-тары оның сүйіктісі деп атаған 35 жастағы Мазхар Т. Оларға Түркиядан шығуға тыйым салынған. Тергеу жалғасып жатыр. Қазақстан СІМ жағдайды бақылауда ұстап отыр

ПУТИННЕН ҚАЗАҚСТАНҒА ӘСКЕР КІРГІЗУДІ СҰРАҒАН

Павлодарда әлеуметтік желіде сепаратистік сипаттағы бейнежазба жариялады деген күдікпен жергілікті тұрғын ұсталды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, күдіктіге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған, деп хабарлайды Tizgin.kz порталы Tengrinews.kz сайтына сілтеме жасап.

Бұған дейін әлеуметтік желілерде әйел адамның қазақ халқына тіл тигізіп, Қазақстанның аумақтық тұтастығына қатысты мәлімдемелер жасаған видеосы тараған болатын. Аталған жазба қоғам назарын аударды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметі Павлодар қаласының тұрғыны ұсталғанын хабарлады. Ведомстволық мәліметінше, күдіктіні ұстау операциясы 28 қазанда прокуратураның үйлестіруімен жүргізілген. Әйелге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті күдіктінің бұрын есірткі құралдарын заңсыз сатқаны үшін сотталғанын да мәлімдеді, алайда ведомство қазіргі қылмыстық іске қатысты өзге мәліметтерді жариялаған жоқ. ҰҚК өкілдері тергеу деректерінің құпиялылығына байланысты қосымша ақпарат берілмейтінін жеткізді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанда жаңа Азаматтық кодекс қабылдануы мүмкін екенін айтты. Ол қолданыстағы заңнаманың қазіргі экономикалық және технологиялық өзгерістерге толық жауап бере алмайтынын айтып, Құрылтай депутаттары мен Үкіметке жаңа кодексті әзірлеуді ұсынды, деп хабарлайды Tizgin.kz.

Мемлекет басшысы құжатты келесі жылдың соңына дейін қабылдау қажеттігін атап өтті. «Қолданыстағы Азаматтық кодекс өткен ғасырдың 90-шы жылдарында қабылданды. Кодекс өзінің тарихи миссиясын толық атқарып шықты десек – артық болмайды. Бұл құжат нарықтық экономиканың негізгі институттарын құруға жол ашты, меншікті қорғау қағидатын бекітті. Бұған қоса, жаңа тарихи дәуірдегі азаматтық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Дегенмен қанша жерден сапалы болса да, бұл Азаматтық кодекс өтпелі кезеңдегі экономика үшін әзірленді», – дейді мемлекет басшысы. Оның айтуынша, сол кезде озық технологиялардың заты түгіл аты да жоқ болатын.

(Жолдаудың толық мәтіні 4-5 беттерде)

50-ГЕ ЖУЫҚ ЖЕТІСУЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Жетісу облысында Республика күніне орай түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген елуге жуық жетісулық азамат мемлекеттік марапаттарға, сол сияқты «Жетісу облысының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы академиялық драма театры ғимаратында өткен салтанатты жиында наградаларды облыс әкімі Бейбіт Исабаев табыстады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Мерекелік шара жергілікті өнер ұжымдарының концертімен жалғасты. Еліміздің басты мерекесіне орай шараға арнайы келген және марапат алған еңбек озаттары облыс экономикасының әр саласының майталмандары. Ауыл шаруашылық мамандары, дәрігергер, білім саласы, өнер адамдары болсын соңғы жылдары елімізде болып жатқан халық игілігі үшін жасалып жатқан оңды өзгерістерді қуаттайтынын, жол, емхана, жаңа мектептер салынып, газ тартылып, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, ауызсу мәселесінің шешілуі мемлекет басшысының саясатын қолдап-қуаттаудың нәтижесі екенін айтып, жылы лебіздерін білдіріп жатты.


ЖЕТІСУДА ЖАҢА ДЕНСАУЛЫҚ ҒИМАРАТТАРЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Жетісу облысында медициналық инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жалғасуда Талдықорғанда бір ауысымда 500 адамды қабылдайтын жаңа қалалық емхана пайдалануға беріліп, күрделі жөндеуден кейін Ақсу және Кербұлақ орталық аудандық ауруханалары ашылды. Ескелді ауданында соңғы 3 жылда 25 әлеуметтік нысан салынса, оның 18-і – денсаулық сақтау нысаны. Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында Ескелді ауданында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Медицина қызметкерлері үшін жаңа ғимараттарды жұмыс істеуге жақсы жағдай жасалып, ауруларға көрсетілетін қызмет сапасы көп жағдайда жаңа заманауи медициналық жабдықтарға байланысты болғандықтан жаңа жабдықтар қойылды. Ең бастысы – дәрігерге уақытында қаралып, қажетті көмек алуы.

ЖЕТІСУДА ЖАҢА КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Жетісу облысында жаңартылатын энергетиканы дамыту жұмыстары жалғасуда. Республика күні қарсаңында өңірде қуаты 40 МВт болатын күн электр станциясы іске қосылды. Жаңа нысан пайдалануға берілген соң облыстағы жаңартылатын энергия көздері нысандарының саны 20-ға жетті. Өңірдің электр энергетикасының жалпы белгіленген қуаты 370 МВт болса, оның 291 МВт-ы жаңартылатын энергия көздері нысандарына тиесілі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Панфилов ауданында «Жаркент-2» күн электр станциясы пайдалануға берілді. Құны 5,8 млрд теңгені құрайтын ауқымды инвестициялық жоба өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтуға, экологиялық жүктемені азайтуға, сондай-ақ Қорғас агломерациясындағы тұрғын үйлер мен қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындарды тұрақты әрі таза электр энергиясымен қамтамасыз етуге бағытталған. Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Асет Қанағатов қатысты.

АҚСУ АУДАНЫ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Жетісу облысының әсем жерлері көрген адамның көңіліне қанат бітіргендей қуантады. Биылғы шаншыған таяғынан келесі жылы арба шығады деген бар емес пе? Оның бәрі жердің құнарлығына, суының молдығына риза болған көңілден шыққан сөз. Бірақ жердің бағасыз, құнсызы бола ма? Адамзатқа жер ешқашан жақсы, жаманға бөлініп алаланбайды . Жердің әсемдігі оның төсінде өсіп-өнетін көгіне де байланысты. Көрікті ағаш пен әдемі шөптен артық жер ажарын не киргізсін! Аңы мен құсын айтсаң, ол да өз алдына жыр. Тауымызда қорқау қасқыр, сілеусін, ілбіс, аю, түлкі, қоян, елік, арқар, тауешкі, тағы басқа аңдарға бай. Борсық, суыр сарытышқан, күзен, сутышқан көп. Аздап бүркіт пен қаршыға кездеседі . Құзғын, құмай, үкі, жапалақ, кекілік, қырғауыл, тағы басқа құстың да түр-түрі бар. Айта берсек, туған жеріміздің ойы мен қыры, тауы мен суы - тұрған сурет. Осындай байлықты, сұлулықты тілсіз жауға бермей, табиғат апатынан сақтау, әрі қарай көркейту өз қолымызда . Жасыл желек ұйымындағы өскелең ұрпақты жастарды тартып, түпкі мақсатын түсініп, бұл еңбекті сүйіспеншілікпен орындатуға тәрбиелеу біздің орман шаруашылығының басты міндеті әрі борышы.

Толымбеков КАРИМСЕИТ, «Қапал орман шаруашылығы» КММ № 10 айналымының орман күтушісі

ХАБАРЛАМА

«Алатау» газетіне жоғары білімді сауатты журналист - корректор керек. Үміткерлер компьютерлік InDesign бағдарламасын білуі шарт. Байланыс телефоны: 8 701 140 75 73 .

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА НАЧАЛ С ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ ОБСТАНОВКИ

«Актуальные задачи Казахстана в новом историческом цикле». Так назвал президент свое нынешнее Послание народу Казахстана. Отметив, что 2026 год однозначно стал историческим для казахстанского народа, президент Казахстана сфокусировался на геополитических вызовах, которые вынужден решать и Казахстан в том числе, передает Ulysmedia.kz.



Казахстану ещё предстоит решить немало задач, связанных с защитой независимости и суверенитета – подчеркнул президент. Для этого, по его словам, обществу нужно единство и согласие. Без них невозможны ни реформы, ни развитие страны. Он напомнил, что между державами растут недоверие, скрытое противостояние и взаимные необоснованные обвинения. Совершенно очевидно, что без единства и согласия не будет никаких реформ и продвижения вперёд, – сказал президент. По оценке Токаева, международное право теряет своё значение, а мир вступил в период, будущее которого не могут предсказать даже политики и эксперты. Нынешнюю обстановку он назвал более сложной и непредсказуемой, чем во времена холодной войны.

ТОКАЕВ ПОСЕТИЛ ТУРЦИЮ С ОФИЦИАЛЬНЫМ ВИЗИТОМ



Глава государства примет участие в 13-м саммите ОТГ. Касым-Жомарт Токаев по приглашению Реджепа Тайипа Эрдогана посетит с официальным визитом Турцию. Об этом написал пресс-секретарь президента Айбек Смадияров – передает Informburo.kz

Поездка запланирована на 28-30 октября. В ходе визита в Анкаре состоятся переговоры глав государств, направленные на дальнейшее укрепление расширенного стратегического партнерства. Также президент Казахстана примет участие в 13-м саммите Организации тюркских государств. Он состоится 29-30 октября. По данным Anadolu, на встрече лидеры стран обсудят совместные проекты в разных областях, включая сельское хозяйство, космические исследования, торговлю и транспорт.

МИНИМАЛЬНАЯ ЗАРПЛАТА УВЕЛИЧИТСЯ В КАЗАХСТАНЕ

Минимальная зарплата увеличится в Казахстане с 85 тысяч до 110 тысяч тенге, сказал президент в ходе Послания народу страны. Касым-Жомарт Токаев призвал расширить полномочия врачей общей практики и постепенно увеличить объем финансирования этой системы. Он поручил правительству с 1 января 2027 года повысить заработную плату специалистов по оказанию услуг на местах, работающих в этой области, на 40% – в зависимости от их стажа работы – передает Informburo.kz.



Эта задачу должны выполнить с 1 января 2027 года, что поможет увеличить доход 1,8 млн. человек, в том числе более 370 тысяч сотрудников, получающих зарплату из бюджета.

ЛИШИЛИ ЛИЦЕНЗИИ ЗА НЕЗАКОННОЕ РЕЛИГИОЗНОЕ ОБУЧЕНИЕ



В Талдыкоргане выявили факты незаконного религиозного обучения и нарушения правил регистрации граждан, сообщила пресс-служба прокуратуры Жетысуской области - передает сайт Informburo.kz

По данным надзорного органа, один из общественных фондов проводил религиозное обучение без соответствующей лицензии. Также в его помещениях без регистрации проживали восемь человек. Их привлекли к административной ответственности. "Для пресечения выявленных нарушений прокуратура обратилась в суд с иском о лишении общественного фонда соответствующей лицензии. Требования удовлетворили в полном объеме. Представитель фонда признал заявленные требования", – говорится в сообщении. Решение суда пока не вступило в законную силу.

НОВЫЕ ПРАВИЛА НА ГРАНИЦЕ С УЗБЕКИСТАНОМ

Департамент государственных доходов по Туркестанской области обратился с важной информацией для международных перевозчиков о бронировании электронной очереди, сообщает Zakon.kz.



«С 9 ноября 2026 года при бронировании слота в системе электронной очереди для международных перевозок на казахстанско-узбекской государственной границе на пунктах пропуска “Казыгурт”, “Б. Конысбаева” и “Атамекен” вводится обязательное требование о внесении гарантийной суммы в размере 20 МРП». В Казахстане в 2026 году 20 МРП составляют 86 500 тенге (из расчета 1 МРП = 4 325 тенге). Специалисты рассчитывают, что эта мера поможет предотвратить искусственное создание очередей в пунктах пропуска и повысить ответственность перевозчиков. Как будут применять гарантийную сумму. Для бронирования электронной очереди на специальном электронном счете перевозчика должна быть необходимая сумма в размере 20 МРП. Если транспортное средство прибывает в пункт пропуска в установленное время, гарантийная сумма автоматически возвращается перевозчику в полном объеме. Если перевозчик два раза подряд в течение 90 календарных дней не прибывает в пункт пропуска в установленное время, гарантийная сумма не возвращается и взыскивается в доход государственного бюджета. Неделей ранее, 21 октября 2026 года, стало известно, что в Узбекистане откроют представительство таможенной службы Казахстана.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ПРАВИТЕЛЬСТВО И АКИМАТЫ ЖДЁТ ПЕРЕСТРОЙКА

Касым-Жомарт Токаев потребовал избавить госаппарат от лишней бюрократии и дублирования функций. Комплексный план реформы должны представить до 1 июня 2027 года, сообщает Ulysmedia.kz.

Во время послания народу Казахстана президент заявил, что после вступления в силу новой Конституции перед государственными органами появились более сложные задачи. По его мнению, существующая система управления нуждается в глубоком обновлении, начиная с правительства и заканчивая сельскими акимами. Государственные служащие должны быть профессиональными и передовыми специалистами. К сожалению, пока нельзя сказать, что мы достигли такого уровня, – отметил президент. Глава государства предложил разработать новые этические принципы для госслужащих. Он подчеркнул, что они должны руководствоваться Конституцией и добросовестно служить стране и её гражданам. Президент предупредил, что косметическими изменениями ограничиваться нельзя. – Нам нужна настоящая реформа. Нельзя допускать показухи. Это очень сложный процесс, требующий принятия правовых и финансовых мер, – заявил Токаев. Администрации президента поручено до 1 июня 2027 года представить комплексный план реформирования системы государственного управления.

МИНОБОРОНЫ КАЗАХСТАНА ОБЪЯВИЛО О НАЧАЛЕ ВОЕННОЙ РЕФОРМЫ

Реформа затронет структуру армии, подготовку войск, порядок службы и защиту прав военнослужащих. Главное нововведение — переход на двухэтапную срочную службу. Первые шесть месяцев призывники будут учиться в учебных центрах, где смогут осваивать военные и гражданские профессии, изучать языки и навыки работы с ИИ. Следующие полгода они проведут в воинских частях. Пилотный проект запустят в 2027 году. Для защиты прав солдат создадут институт военных консультантов, независимых от командования. Также планируют улучшить питание и обмундирование, отремонтировать казармы, учебные объекты и полигоны. С 2027 года начнёт действовать единая система военно-патриотической подготовки молодёжи «Жас айбын». Она объединит программы «Жас Қыран», «Жас Ұлан» и «Жас Сарбаз». Школьников будут обучать первой помощи, безопасному поведению и действиям в чрезвычайных ситуациях.

НАЧАЛО СТРОИТЕЛЬСТВА АЭС «БАЛХАШ» ВОЗМОЖНО УЖЕ В 2027 ГОДУ

Глава государства предложил рассмотреть создание государственного стратегического резерва урана для обеспечения будущих атомных электростанций, передает корреспондент BAQ.KZ.

Выступая с ежегодным Посланием народу Казахстана на заседании Курултая, Президент подчеркнул стратегическую важность развития атомной энергетики.« Уже сейчас надо подумать о том, как мы будем обеспечивать их урановым сырьем, скажем, через пятьдесят лет и далее. Считаю достойным серьезного рассмотрения предложение о создании государственного стратегического резерва урана, что позволит закрыть потребности казахстанских АЭС на ближайшее столетие. Важно задействовать зарубежных партнеров, участвующих в строительстве АЭС, в создании высотехнологичных производств в Казахстане, передаче компетенций в области ядерной энергетики, подготовке отечественных специалистов-атомщиков. Разумеется, все переговорные позиции должны быть тщательно отработаны и согласованы с точки зрения учета национальных интересов Казахстана», – заявил Касым-Жомарт Токаев.».

ЗА ДЕВЯТЬ МЕСЯЦЕВ УСТАНОВЛЕНО МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ БОЛЕЕ 17 ТЫСЯЧ ПРОПАВШИХ

Параллельно МВД продолжает розыскную работу. За девять месяцев 2026 года полицейские установили местонахождение более 17 тысяч человек, числившихся пропавшими без вести, и задержали 1 031 подозреваемого, находившегося в розыске в Казахстане- передает BAQ.kz.

В Астане задержали 67-летнего мужчину, подозреваемого в мошенничестве. По данным дела, в 2018 году в Караганде он под предлогом продажи вывез со склада коммерческой организации товар стоимостью более 401 млн. тенге. Кроме того, в Казахстане задержали 537 человек, разыскиваемых правоохранительными органами стран СНГ и дальнего зарубежья. В Алматы был задержан 45-летний иностранный гражданин, подозреваемый в мошенничестве на сумму свыше 1,3 млрд. тенге. По версии следствия, в 2023 году в Бишкеке он получил деньги под предлогом организации поставок косметической продукции из Южной Кореи. МВД продолжает профилактическую и розыскную работу, направленную на предупреждение правонарушений, защиту граждан и обеспечение общественного порядка.

«МАЛЬЧИКОВ НАСИЛОВАЛИ В ЗАКРЫТОМ МЕДРЕСЕ»: МВД НАЧАЛО РАССЛЕДОВАНИЕ

МВД Казахстана начало расследование после сообщений о сексуальном насилии над подростками в закрытых медресе. В этих преступлениях бывшие последователи обвиняют религиозного деятеля Исматуллу Максума, сообщает Ulysmedia.kz.

Недавно бывший участник религиозной общины Акылбек Жумабеков рассказал, что слышал о возможных домогательствах со стороны Исматуллы Максума. Но тогда не верил этим историям. Его отношение к наставнику изменилось после разговора с молодым человеком, который связался с ним по видеосвязи и поведал о пережитом. По словам Жумабекова, юношу вызвали в комнату религиозного лидера, где тот сделал ему предложение сексуального характера. Когда подросток отказался и попытался уйти, Максум пригрозил ему неприятностями, если он кому-нибудь пожалуется. Молодому человеку сказали, что ему никто не поверит, а самого могут объявить психически больным и привлечь к уголовной ответственности.Редакция Ulysmedia обратилась за комментарием в Министерство внутренних дел. В ведомстве подтвердили, что изложенные сведения проверяют в рамках уголовного дела. В соответствии со ст. 201 УПК РК данные досудебного расследования разглашению не подлежат, – сообщили в МВД. Исматуллу Максума В 2011 году его приговорили к 14 годам лишения свободы по делу, связанному с религиозным экстремизмом, созданием организованной преступной группы и незаконной медицинской деятельностью. Он провёл в заключении десять лет. Сейчас на свободе.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 42 (1305) 30.10.2026 Алатау

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

Қадірлі отандастар!
Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Бүгін мен Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауымды жариялаймын. Бұл Жолдаудың мәні де, мазмұны да айрықша. 25 қазанда ұлттық мерекеміз – Республика күнін атап өттік. Осы күні Егемендік туралы декларация қабылданды. Біз дербес ел болу жолында батыл қадам жасадық. Көп ұзамай Тәуелсіздік туын биікке көтеріп, елдігіміздің іргесін бекіттік. Міне, биыл қасиетті Тәуелсіздігімізге 35 жыл толып жатыр. Бұл тарихи меженің ұлт шежіресінде алатын орны бөлек. Биыл наурыз айында халқымыз мемлекеттігіміздің негізгі тірегін – Конституциямызды қабылдады. Бұл тұтас еліміз үшін тарихи мән-мағынасы терең оқиға болды. Конституцияны бірнеше ұрпақтар арасындағы қастерлі келісім деп атауға болады. Өйткені Конституцияда Қазақстанның қазіргі бітім-болмысы мен болашақтағы бейнесі нақты айқындалды. Азаматтарымыз жаппай қолдаған Конституция 1 шілдеде заңды күшіне еніп, еліміздің саяси жүйесінің түбегейлі жаңғыруына, жаңа билік институттарының құрылуына үлкен серпіліс берді. Жұртымыз жарқын болашаққа бастайтын ауқымды жұмысты атқаруға белсенді түрде кірісті. Ел өміріндегі тарихи өзгерістердің барлығы халықтың көз алдында болып жатыр. Бұл мәселе аса маңызды болса да, көп сөз айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бүгін мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі ойларыммен бөлісемін, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталамын. Ашығын айтсақ, бүгінде тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қорғауға қатысты барлық мәселе әлі толықтай шешімін тапқан жоқ. Бұл – алдымызда көптеген өзекті міндет тұр деген сөз.



Қазіргі таңда әлем елдері арасында ақылға қонымсыз жалған айыптаулар, астыртын текетірестер күшейді, ал алпауыт, ықпалды мемлекеттердің арасында жаппай өзара сенім дағдарысы пайда болды. Бақылаусыз, жүйесіз көші-қон ағындары әлдеқайда көбейді, бұл бірнеше еуропалық елдің қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіргеніне көзіміз жетті. Біріккен Ұлттар Ұйымының абырой-беделі үлкен тоқырауға ұшырады. Халықаралық құқықтың құндылығы төмендеп кетті. Қысқасы, қазіргі әлем бұлыңғыр дәуірге аяқ басты, оның келешегі қандай болатыны туралы саясаткерлер мен сарапшылар арасында біртұтас пікір жоқ. Күллі әлем жұртшылығы аласапыран кезеңде өмір сүріп жатыр десек, артық болмас. Мұндай күрделі, болжамсыз ахуал «қырғи-қабақ соғыс» кезінде де болмаған еді.

Дәл осындай құбылмалы заманға қарамастан, Қазақстан ел дамуының жаңа дәуіріне үлкен сеніммен қадам басып, кең ауқымды саяси реформаны іске асырды. Бұл – дүние жүзінде өте сирек кездесетін құбылыс. Енді алдағы уақытта да еліміздің егемендігін нығайтуымыз керек. Бұл – қазіргі әлемдегі бұлыңғыр ахуалда ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, өсіп-өркендеу деген сөз. Осы жолда бүкіл қоғам, соның ішінде отаншыл, белсенді, білімді азаматтар қарқынды еңбек етуі керек. Құрылтай депутаттарына да үмітім зор. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет.

Құрметті депутаттар! Құрметті Үкімет мүшелері!

Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ. Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет. Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек. Біз ауыл-аймақтарды дамыту мәселесін әрдайым ерекше бақылауда ұстаймыз. Ауылдағы тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін барынша жағдай жасап отырмыз. Алайда, қазір экономика, білім мен технологияның тірегі де, таланттарды шыңдайтын да негізгі қалалар екенін атап өткен жөн. Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, қала инфрақұрылымының цифрлық сыңарын көп ұзамай әзірлеуге тиіс. Бұған біздің күшіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді.Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтерілді. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз. Сондықтан мен бұған дейін айтқан ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыруды тапсырамын. Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Ұлттық қордың ең басты мақсаты, миссиясы – ел байлығын ұқыпты ұстау және одан әрі арттыру, сондай-ақ, оны қазіргі және келешек ұрпақтың игілігіне жарату. Жас ұрпақтың игілігін ойласақ, бұл бағытта қазірден бастап нақты әрі батыл қадамдар жасауымыз керек. Кейінгі буынға өркениетті, озық, жаңарған мемлекетті аманат етуіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Бұл – адам капиталын дамытуға, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, яғни ел болашағына салынатын ұзақ мерзімге арналған инвестиция.

Бірақ Ұлттық қордың ресурсын жинақтау және оны пайдалану арасында теңгерім сақталуға тиіс. Қаражатты тек қоғамға барынша пайдалы дүниеге ғана жарату керек. Бірінші кезекте аймақтарда перзентханалар, ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету станциялары, балаларға арналған оңалту орталықтары мен ерекше балалардың сұранысына сай спортзалдар бой көтереді. Сондай-ақ 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет мекемелерінің құрылысы басталады. Көптеген елді мекендерге газ және таза ауыз су тартылады.

Үкімет жыл соңына дейін нақты жобалардың бастапқы тізімін әзірлейді. Сондықтан осы үлкен құрылыс қозғалысына «Халықтық құрылыс» деген атау берсек, қарсылық болмас деп сенемін. Аталған бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтиды, оның игілігін тұтас халқымыз, әсіресе, өскелең ұрпақ көреді деп кәміл сенемін.

Келесі мәселе. Логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән беру қажет. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі. Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді. Келесі жылы елімізде «Бақты – Аягөз» теміржол желісі іске қосылады. Жаңа бағыттың арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артады. Тамыз айында «Арал – Каспий» күре жолының құрылысы басталды. Бұл жоба Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен 1 мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтады. Үкімет осы салада қолға алынған барлық жобаның сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алады. Қазақстан іс жүзінде Еуразиядағы жетекші логистикалық орталықтың біріне айналуы үшін осы тарихи мүмкіндікті мүлт жібермеуге тиіс. Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа құрлығына тасымалданатын жүктің 85 пайызы біздің аумағымыз арқылы өтеді. Алайда барға қанағат етіп, тоқмейілсіп отыру – болашақта көш соңында қалу деген сөз. Біз Қазақстанның барлық аймағын байланыстыратын, яғни, еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтетін заманауи, өте дамыған теміржол және көлік жолдарының тұтас желісін құруымыз керек. Бұл – стратегиялық міндет. Негізгі мақсат – еліміздің жолдарының әлеуетін нығайтып, азаматтарымыздың табысын арттыру. Қайталап айтамын: Бізге сапасы өте жоғары жолдар керек. Битум мен қиыршық тастардың сапасын алға тартып, сылтау айтуға жол берілмейді. Сіздерге зор сенім артылып отыр. Енді нәтиже күтеміз. Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылады. Келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастаймыз. Қазақстан Еуразияның негізгі көлік хабы болуы үшін көптеген маңызды міндетті орындауға тиіс. Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Соның салдарынан, қыс мезгілінде, яғни электр энергиясына сұраныс шарықтайтын кезеңде көрші елдерден қуат көзін қымбат бағамен сатып алуға мәжбүрміз. Ал жаз айларында өзге елдерге энергияны тым төмен бағамен сатамыз. Осындай құйтырқы әрекет ондаған жылдан бері жалғасып келеді. Маған мұны энергетика саласындағы қалыпты жағдай деп түсіндіріп бағуда. Кезінде Балқаштағы ЖЭО құрылысының аяқталмай қалуына да осы жайт себеп болды. Қазір де Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұздағы жаңа генерация қуаттарын іске қосу мерзімдері кейінге шегеріліп жатыр. Сондықтан еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Сол үшін жаңа электр станцияларын салып, қолданыстағы нысандар мен электр желілерін жаңғыртуға тиіспіз. Сонымен қатар «таза» көмір генерациясын толыққанды дамытып, жаңартылатын қуат көздерін өндіру ісіне, соның ішінде күн электр станцияларын кеңінен қолдануға баса мән беруіміз керек.

Жалпы, Үкімет 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған бірыңғай энергетикалық тұжырымдамаға қайта қарауға тиіс. Бұл орайда атом генерациясының маңызы айрықша. Қазақстандағы атом электр станцияларының қажеттілігін өтеу үшін уранның алдағы жүз жылға жететін мемлекеттік стратегиялық қорын құру жөніндегі ұсыныс өте орынды. Бұл бастаманы жан-жақты пысықтау қажет деп санаймын. АЭС құрылысына қатысатын шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялық өндіріс орындарын ашуға, ядролық энергетика саласындағы тәжірибесімен бөлісуге, атом энергетикасы саласына қажетті мамандарды даярлауға кеңінен тарту маңызды. Ресей мен Қытай компанияларынан осындай ұсыныстар түсіп жатыр. Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастауға болады. Тіпті, бастауымыз қажет деп санаймын. Сондай-ақ, «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын мүмкіндігінше тезірек бастау үшін кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған жөн. Әрине, келіссөздердің әр тармағы Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан мұқият пысықталып, жан-жақты келісілуі керек. Қазақстан – минералдар мен шикізатқа бай мемлекет. Бұл – біз үшін стратегиялық жетістік. Сондықтан геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Жаңа кен орындарын бұрынғы заманнан қалған әдістермен іздеу оң нәтиже бермейтіні анық. Қазіргі таңда геологияны жоғары технологиялық сала ретінде мойындауымыз керек. Бізге озық технологиялардың көмегімен еліміздің жер қойнауын толыққанды зерттеп, деректердің ашықтығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жаңа кен орындарын іздеу және барлау үдерісіне жеке қаражатты белсенді тартқан жөн. Елімізде осы бағытта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындармен оффтейк-келісімшарт жасау арқылы кепілді сұранысты қамтамасыз еткен жөн. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Үкімет бұл саладағы дамыған елдермен стратегиялық серіктестік орнатуға тиіс. Жаңадан ашылған кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған жергілікті бизнес нысандарына орынсыз кедергі келтірмеуі керек. Қате шешімдердің салдары қандай теріс нәтижелерге әкеп соқтырғанын көріп отырмыз. Мәселен, елімізде металл өндіретін Qarmet деген ірі кәсіпорын бар. Соған қарамастан, тағы үш облыста дәл осындай өндіріс орындарын ашу жоспарланған. Осы кәсіпорындардың өнімі нарықтың сұранысына ие бола ма? Бұл сұраққа нақты жауап жоқ сияқты. Әрбір аймақ өзінің басымдықтарын айқындап, соған сай жұмыс істеуі керек.

Келесі мәселе. Ауыл шаруашылығының одан әрі қарқынды дамуына барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет. Жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 триллион теңгеден 1,5 триллион теңгеге дейін ұлғайды. Дегенмен бөлінген қаражаттың бір бөлігі күнделікті қажеттіліктер мен айналымдағы қаражатты толықтыру үшін жұмсалып отыр. Шаруаларға алдағы жұмысын ұзақ мерзімге жоспарлауға мүмкіндік беретін кең ауқымды қаржыландыру жүйесі керек.Сондықтан Үкімет фермерлерді ұзақ мерзімге арналған инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету үшін тиімді әрі пәрменді тәсілдерді енгізуі қажет. «Бәйтерек» холдингі тағам өнеркәсібі саласында жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын әлеуеті зор жобалар тізімін дайындады. Соның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қолжетімді әрі жеңілдетілген шарттармен қаржы бөлу мәселесін созбалаңға салмай, сапалы жобаларды дереу жүзеге асыру керек.

Елімізде шығарылатын технологиялық тұрғыдан сапасы жоғары тракторлар мен комбайндардың санын көбейту қажет. Бұл – өзекті мәселе. Еліміз осы белесті ойдағыдай еңсеріп алса, әлемдік ауқымдағы азық-түлік тапшылығы, яғни жаһандық ашаршылық туындаған жағдайда Еуразия азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі орталық болуы әбден ықтимал екеніне күмән жоқ.

Елімізде ірі су көздеріне жақын орналасқан үлкен аумақты алып жатқан жер алқаптары бар. Сол жерлерді суармалы егіншілікке пайдалану дәстүрлі дақылдардың өнімділігін 2-2,5 есе көбейтуге ықпал етеді. Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша. Үкімет пен әкімдіктер суды пайдалануға бақылауды күшейту керек. Түрлі желідегі, сондай-ақ, көлік жуу орындарындағы су шығынын азайтып, ауыз судың жөнсіз пайдаланылуына жол бермеу қажет. Ауыз суды көлік жууға тұтыну – барып тұрған сорақылық. Судың да сұрауы бар. Экономиканың негізгі салаларын дамыту үшін өнімді терең өңдеумен айналысатын, еңбек өнімділігін арттыратын жобаларға басымдық берген жөн. Бұл – басты талап.

Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды. Бұл – маңызды талап. Әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет. Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау

жүйесінде бірізділік жоқ. Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек. Менің ойымша, баяғыдан сөреде жатқан мәселені, яғни инвестициялармен жүйелі түрде айналысатын мекемені анықтау керек.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ТУРАЛЫ

Қазір оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, ал негізгі капиталға тартылған инвестициядағы үлесі 70 пайызға жақындап келе жатыр. Шағын бизнестің маңыздылығы бәрімізге белгілі, ол көптеген елде экономиканың қозғаушы күші саналады. Бүгінде бұл саладағы кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы саудамен айналысады. Сондықтан шағын және орта бизнесті мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алу үдерістеріне қатыстыру тәсілдерін жетілдіріп отыру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыруға болады. Бұл ретте өнім жеткізушіге қойылатын талаптарды жұмсарту керек. Бір қарағанда, биылғы бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер жасаған заң бұзушылықтар саны 34 пайыз қысқарған. Дегенмен, айыппұл сомасы шамамен 11 пайызға ұлғайған, ал жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген. Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірге 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезекті үш жылдық мораторий енгізудің қаншалықты орынды екенін талқыға салуды ұсынамын. Кәсіпкерлерге, әсіресе, шағын және орта бизнеске тең мүмкіндік беріп, әділ бәсекеге жол ашу қажет. Кей жағдайда осы талап сақталмайды. Тіпті, әдейі жасалған кедергілер де бар. Басқаша айтсақ, бизнесті қорғау – ұлттық экономиканың дербестігін нығайту деген сөз. Ал бизнеске қолдан заңсыз тосқауыл жасау, бұл – мемлекетке қарсы жасалған қылмыс - деп айтсақ артық болмас.

ҚАЗАҚСТАН ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҚҰРУҒА МІНДЕТТІ

Біз өз мүмкіндіктерімізді дұрыс әрі шынайы бағамдап, жаңа технологиялар ұсынатын жақсы дүниенің бәрін халық игілігіне пайдалануға тиіспіз. Digital Qazaqstan кешенді стратегиясын іске асыру үшін негізгі инфрақұрылым салу ісі басталып кетті. Екі суперкомпьютер іске қосылды. Жыл соңына дейін үшінші қуатты компьютер пайдалануға беріледі. Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жұмысы аяқталды. Деректерді өңдейтін орталықтар салынып жатыр. Дегенмен, әзірге нақты іске қарағанда құрғақ сөз көп. Елімізде жоғары өнімді цифрлық экономиканы дамытуға тың серпін беру үшін қажетті нәрсенің бәрі бар. Жастарымыз білімді әрі жасампаз. Интернет қолжетімді. Озық цифрлық инфрақұрылым құрылды. Бүгінде кез келген азамат үйінен шықпай-ақ бірнеше минуттың ішінде банк есепшотын аша алады. Парадигманы өзгертіп, алдымызда тұрған міндеттерге мүлде басқа қырынан қарауға тиіспіз. Халықтық цифрлық экономика құрудың стратегиялық мақсаты – әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз озық әрі технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекет құру ісіне серпін бердік. Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Қоғам дамуының мүлде жаңа негізін қалыптастыруымыз керек. Жоғарыда айтқанымдай, осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге белсенді түрде кірісеміз. Соңғы жылдары Үкімет бюджет пен салық жүйесін толығымен қайта қарады. Бірақ мемлекеттік саясаттың тиімділігі, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатына, экономикалық белсенділігіне қарап бағаланады. Сондықтан біз үшін ең маңызды мақсат – халықтың табысын ұлғайту. Ол үшін бірінші кезекте инфляциямен жүйелі түрде күресу қажет. Инфляция, бейнелеп айтқанда, азаматтарымыздың тұрмысын күннен күнге тұралататын қауіпті кесел.

Қаржы нарығын реттеуші мекемелер де өз міндеттерін сапалы әрі тиімді орындауға тиіс.

Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі айтарлықтай орнықты деңгейде. Оған дәлел: еліміздегі банктердің активі 75 триллион теңгеден (яғни 150 миллиард доллардан) асты. Депозиттердің көлемі рекордтық көрсеткішке, нақты айтқанда, 52 триллион теңгеге, яғни 105 миллиард долларға жетті. Салымдардың 78 пайызы ұлттық валютада сақталған. Бұл ұлттық теңгенің құндылығы арта түскенін көрсетеді.

Ендігі маңызды міндет – жинақталған қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға тиімді пайдалану. Осыған орай, Ұлттық банкке баға мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, экономиканы дамытуға жол ашатын бастамаларды жүзеге асыруға да атсалысатын кез келді. Бұл – олардың негізгі миссиясы. Пайдасыз пікірталасқа уақытымыз жоқ. Елді дамудың даңғыл жолына салатын шешімдер қажет. Экономиканың басты салаларын ұзақмерзімді кредиттеудің жаңа тәсілдерін іске қосқан жөн. Әзірленіп жатқан Капитал нарығы туралы заңда нақты тетіктер қарастырылуы қажет. Орынсыз, тиімсіз шығындардың алдын алу үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндігін пайдаланған дұрыс.

КЕЛЕСІ БАСЫМДЫҚ – САЛЫҚ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ

Жаңа Салық кодексі бүкіл жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға негіз қалады. Бірақ мұндай ауқымды реформа жолында күтпеген мәселелер міндетті түрде шығады. Оны алдын ала болжау оңай емес. Соның салдарынан жекелеген нормаларды қолдану кезінде бизнес түрлі қиындықтарға тап болып отыр. Салық кодексі қатып қалған қағида не қасиетті кітап сөзі емес. Заң өмірдің шындығынан алшақ кетпеуге тиіс. Сондықтан қайшылықтарды жойып,



екіұшты түсіндірілген нормалардан арылу керек. Кәсіпкерлерге салмақ түсіретін артық жүктемені азайтып, сыңаржақ тұстарын алып тастаған жөн. Салық жүйесі бизнестің дамуға деген ынтасына бөгет болмауы керек.

Қолданыстағы Азаматтық кодекс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қабылданды. Кодекс өзінің тарихи миссиясын толық атқарып шықты десек, артық болмайды. Бұл құжат нарықтық экономиканың негізгі институттарын құруға жол ашты, меншікті қорғау қағидатын бекітті. Бұған қоса, жаңа тарихи дәуірдегі азаматтық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Дегенмен қанша жерден сапалы болса да, бұл Азаматтық кодекс өтпелі кезеңдегі экономика үшін әзірленді. Сол кезде озық технологиялардың заты түгіл, аты да жоқ болатын. Әрине, соңғы 30 жыл ішінде бүкіл әлем, соның ішінде еліміз де түбегейлі өзгерді. Осының бәрін ескере отырып, болашақтың экономикасына байыппен көшуге құқықтық негіз болатын жаңа Азаматтық кодекс қабылдау қажет деп санаймын. Бұл кәсіпкерлердің, инвесторлардың және азаматтардың алаңсыз жұмыс жүргізуі үшін құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.Құрылтай депутаттары Үкіметпен бірлесе отырып, осы маңызды құжатты әзірлеуге тез арада кіріскені жөн. Құрылтай жаңа Азаматтық кодексті келесі жылдың аяғына дейін қабылдаса жөн болар.

Өткен онжылдықтарда әлеуметтік көмекті шамадан тыс көбейту есебінен мемлекеттік басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жасырып-жабу, яғни азаматтардың көңілін табу қалыпты дүниеге айналды. Мемлекет ресурсы желге ұшты, тіпті жағдайы жақсы отбасылар да жәрдемақы алды. Осы кезде мектептер мен ауруханалар тапшылығы ұдайы ұлғайып отырды. Бұл қоғамда патернализм мен масылдық көңіл-күйдің күшеюіне түрткі болды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ашықтан ашық тонау және сыбайлас жемқорлық белең алды.Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал. Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді. Бүгінін ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Қайталап айтамын: мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы.

Елімізде халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі әрі жедел дамыту – өте маңызды міндет. Біз ауқымды құрылыстың алғашқы кезеңінде еліміз бойынша сегіз заманауи перинаталды орталық салуды жоспарлап отырмыз. Бұдан басқа, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жеті көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада тағы екі медициналық нысан бой көтереді. Аталған жұмысқа бюджет қаражатымен қатар, жеке капиталды кеңінен тартқан жөн. Қолға алынған мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жобаларын сәтті жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестік түрі әлеуметтік инфрақұрылымға салынатын жеке инвестиция көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Ең бастысы, тиісті рәсімдерді негізсіз созбай, шешімдерді тез қабылдау керек. Үкіметке келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бағытта жұмыс істейтін учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыруды тапсырамын. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын өсіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз жалақының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен көбейте береміз. Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын. Осы міндет келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуға тиіс. Бұл 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджеттен жалақы алатын 370 мыңнан астам қызметкердің табысын арттыруға ықпал етеді. Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар. Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр.Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек. Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Оқу - ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет.

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Мен бұған дейін де айтқанымдай, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты.Осындай бетбұрысты сәтте ұлттық жоспарымыз бен стратегиямыздың бәрін қайта зерделеуіміз керек. Біз Тәуелсіздігіміздің келесі мерейлі белесіне қандай нәтижемен жететінімізді анық түсінуіміз қажет. Сондықтан, Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, бір жылдың ішінде еліміздің ұзақмерзімді дамуының кешенді бағдарын айқындайтын құжат әзірлеуі керек. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер алдында тұрған міндеттер де күрделене түсті. Қазір билік жүйесін дамытудың жаңа стратегиясына сәйкес осы саланы түбегейлі реформалау қажеттігі туындап отыр. Бұл үдерісте тұтас мемлекеттік аппараттың және әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін арттыру маңызды міндет болуға тиіс. Ең алдымен, Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымын қайта қарау қажет. Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеген жөн. Мемлекеттік қызметші, ең алдымен, Конституция талаптарын басшылыққа алып, Отанына және халқына адал қызмет етуге тиіс. Бұл жерде жекелеген өзгерістер туралы сөз болып отырған жоқ. Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды. Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға қатысты кешенді жоспар ұсынуы керек.

Бұған дейін айтқанымдай, заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, біз темірдей тәртіптің, жоғары жауапкершіліктің және қажырлы еңбектің арқасында көп ұзамай ауылдарымыз бен қалаларымыздың келбетін түбегейлі өзгертеміз. Ортақ мекеніміз – Қазақстан Республикасын бұдан да қуатты, бұдан да тартымды елге айналдырамыз. Біз «Заң мен Тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз. Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұғырын барынша нығайта түсуіміз қажет. Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.Осы жолмен жүрсек, Қазақстан әлемдік өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орын алатынына кәміл сенемін. Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек.«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды. Ал отаншыл болу – заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, ел игілігі үшін табанды еңбек ету деген сөз. Заңға құрметпен қарайтын адам табысты болады. Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін. Аталған мақсатқа жету үшін бар күш-жігерімді салып келемін және алдағы уақытта да солай болады. Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда. Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды. Мемлекетімізге мықты ғалымдар, кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болады. Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын.

Қадірлі қауым!

Бүгін мен елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістерге кеңінен тоқталдым. Жарқын болашағымызды айқындайтын маңызды бастамалар жөнінде айттым. Алдымызда тұрған тарихи міндеттерді табысты жүзеге асыруымыз керек. Біз әр азаматтың дамуына, барша жұрттың өркендеуіне жол ашатын берекелі қоғам, Әділетті Қазақстанды міндетті түрде құрамыз. Баршаңызға амандық және табыс тілеймін! Отанымыз – Қазақ елі мәңгі жасасын!

Дүйсенбі - Понедельник, 2 қараша

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Қара бала»
Нұрдан Керменбаевтың шығармашылық кеші
08.00 «Оян!»
10.00 «Cover show»
11.00 19.00 «Ақ жеңге»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Цифровой код»
16.00 кино «Брат или брак»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
20.00 Телехикая «Үзілген жапрақтар»
22.00 Кино «Келінгжан -1»
00.00 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Прививка от лжи»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.10 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.00 «Аналитика»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00,02.55 «Көреміз шоу»
20.00, 01.15«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
01.45 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Құдайберген Бекіштің ән кеші»
08.50 Сериал «Пламя жизни»
11.10 «Брат или брак-3»
13.40,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
16.15 Сериал «Пламя жизни»
18.15,02.00 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
00.10 Сериал «Агенты справедливости»
03.40 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.10 «ктк қоржыны»
05.45 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угөгәй melody»
10.50 Д/ф «Өткенге өкініш жүрмейді»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «DARA LINE»
17.00 К/ф «Тәртіп сақшылары»
17.35 М/Ф «Киелі қазғұрт»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен» (
19.30 Д/ф «Нағыз дипломатия»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 Б.Асқарбековтің концерті.
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Өнер қырандары»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10.00«Черепашка ниндзя»
10.30 «Гарольд и волшебный мелок»
12.30 Мультфильм «Папа-мам гусь»
14.50 худ. фильм «Мой парень из зоопарка»
17.10 худ. Фильм «Новый человек -паук»
20.00 Информбюро (рус,каз)
21.00 худ. фильм «Ларго Винч начало»
23.20 худ. фильм «Вспомнить все»
01.40 худ. Фильм «Если вы»
03.50 «31 әзіл» ойын-сауық
04.10 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40,16.00,17.00,18.30,02.20 Телесериал
08.00 Новости утро
11.00 Союзмультфильм
12.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
13.30 Тәуіп Хо Жун
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
22.50 «Қыз бала құт»
00.10 Әзілің жарасса
01.10 «Тек қана қыздар»
03.20Тазалық уақыты

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TRANSTAL» ЖШС Жетісу облысы, Талдықорған қаласында «TRANSTAL» ЖШС үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша 2026 жылғы 9 қараша мен 13 қараша аралығында қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Участок пен әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°59'41,36»СШ, 78°22'30,98»ВД.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «TRANSTAL» ЖШС, Талдықорған қ., Д.Қонаев көшесі, 11 үй. Тел.: 8 707 825 63 72, e-mail: transtal2013@yandex.kz

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 8 777 343 34 66. Талдықорған қ., Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен мына сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

ЖАО сайтына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz және бастамашының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Ескертпелер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарында және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Сейсенбі - Вторник, 3 қараша

ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00,14.30 «Рауза»
06.00,20.00 Телехикая «Үзілген жапрақтар»
08.00 «Оян!»
10.00 «Cover show»
12.00 19.00 «Ақ жеңге»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Өзекті»
16.00 кино «Брат или брак-2»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Келінгжан -2»
00.00 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Прививка от лжи»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.00 сериал «Чудо»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз шоу»
20.00, 01.15«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
01.45 «Подкидыш»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық
08.00 Вечерние новости
08.50,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.10, 00.10 Сериал «Агенты справедливости»
13.40,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,02.00 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.40 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.10 «ктк қоржыны»
05.45 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 Д/ф «Иллюзия»
11.10 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Шыңырау»
14.30 «Сергек»
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Әкемнің үміті»
17.00 Әсем әуен
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Упавшие в пропасть»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Достық күші»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Қалаофф»
09.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09.50 «Маленький свидетель»
13.00 Мультфильм «Ледниковый период»
15.00 худ. фильм «Росомаха:Бессмертный»
18.00 худ. Фильм «Рэмбо:первая кровь»
21.00 худ. фильм «Ларго Винч-2: Заговор в бирме»
23.40 худ. фильм «Девушка с татуировкой дракона»
02.40 худ. Фильм «Два незнакомца»
05.20 «Time Vine» ойын-сауық
05.30 «1001 Әзіл» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40,16.00,17.00,18.30,02.20 Телесериал
08.00 Новости утро
11.00 Союзмультфильм
12.00,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.30, 22.50 «Қыз бала құт»
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
00.10 Әзілің жарасса
01.10 «Тек қана қыздар»
03.30 Тазалық уақыты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TRANSTAL» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 9 ноября по 13 ноября 2026г. по Разделу «Охраны окружающей среды» для ТОО «TRANSTAL» в г.Талдыкорган, области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°59'41,36»СШ, 78°22'30,98»ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «TRANSTAL», г.Талдыкорган ул. Д.Конаева,11. Тел.: 8 707 825 63 72, e-mail: transtal2013@yandex.kz

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz

Сәрсенбі - Среда, 4 қараша

ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00,14.30 «Рауза»
06.00,20.00 Телехикая «Үзілген жапрақтар»
08.00 «Оян!»
10.00 «Cover show»
12.00 19.00 «Келінжан»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Балам үшін»
16.00 кино «Брат или брак-3»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Келінгжан -3»
00.00 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

Перерыв
17.00 «Қослайк»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз шоу»
20.00, 01.15«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины возвращение»
01.45 «Подкидыш»
03.45 «Паутина»

ЖЕТІСУ

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық
08.00 Вечерние новости
08.50,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.10, 00.10 Сериал «Агенты справедливости»
13.45,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,02.00 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.40 «Упертый»
04.30 «Закира»
05.10 «ктк қоржыны»
05.45 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

КТК

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 Д/ф «Тамырдан ажырау»
11.10 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Астана-Нью-Дели диалог уақыты »
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Құтқару операциясы»
17.00 «Угөгәй melody»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ ф «Су»каз.
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Біздің бренд
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Достық күші»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Қалаофф»
09.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.20 «Месть и закон»
15.00 худ. фильм «Ларго Винч начало»
17.40 худ. Фильм «Двойной удар»
21.00 худ. фильм «Охотана зверя»
23.00 худ. фильм «Рэмбо: первая кровь»
01.10 худ. Фильм «Самоотвержнная любовь»
03.50 «31 әзіл» ойын-сауық
04.10 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40,16.00,17.00,18.30,02.20 Телесериал
08.00 Новости утро
11.00 Союзмультфильм
12.00,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.30, 22.50 «Қыз бала құт»
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
01.10 «Тек қана қыздар»
03.30 Тазалық уақыты

ХАБАРЛАНДЫРУ

11.11.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан «Нижнеэкпендинское» әктас кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЖЕТІСУ АЛТЫН ТАС» ЖШС, БСН 050540004118, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 92 үй. Тел. 87076844023, geo.company@bk.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 11.11.2025г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении известняка Нижнеэкпендинское расположенного в Ескельдинском район области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЖЕТЫСУ АЛТЫН ТАС», БИН 050540004118, адрес: область Жетісу, город Талдыкорган, улица Ш.Уалиханова, дом 92. Тел.87076844023, geo.company@bk.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

Талдықорған қаласы, орталық "Иман" мешіті БСН нөмірі 141241009274 осы мешіттің тіркеу куәлігі мен 10.12.2014 жылғы ережесінің түпнұсқасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Талдықорған қалалық сотында 28 маусым 1955 жылы туған Махамбетов Кымбат Даукенович хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қарауда.

Оның жүрген жерін білетіндер болса 8-702-210-59-90 нөмеріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

АЛТЫН ҚАЗЫҚ, АСЫЛ АНА

Сәл шегініс

Біздің бүгінгі басты кейіпкеріміз - заманында Сарқанның сұңқары, Қараталдың қыраны атанған, көрнекті шаруашылық басшысы, азамат ердің баласы Шәкербек Оспановтың (1941-2006) жан жары Бәтимаш Еспенбетқызы Оспанова.



Жер жанаты Жетісудың Басқан өзенімен іргелес жатқан Екіаша ауылының тумасы. Жастайынан майдангер ардақты әкесі Еспенбет, ғазиз анасы Рухан мен асыл әжесі Биғайшаның тәлімді тәрбиесін алып өскен. Білім қуып, арман жетегіне ілесіп оқу оқыған. Қиырдағы сонау Тараз топырағындағы Жамбыл мәдени - ағарту училищесінің түлегі. Үш баланың (Асхат, Саят пен Қызғалдақ) анасы, төрт немеренің сүйікті әжесі. Елдің сыйлысы, ағайын-туыстың құрметтісі. Ақ жаулығы басынан, Алласы мен ақ батасы аузынан түспеген жан. Тіл- аузымыз тасқа тисін, жаратушының сахилықпен берген күш-қуатының арқасында сеңгірлі сексеннің белесіне көтерілсе де, әлі де ширақ, тың зерделі. Арамыздан сәл ертерек кеткен (бүгінгі күн өлшемімен алсақ) небәрі алпыс бес жас жасаған ел ардақтысы Шәкербек ағамыздың қара шаңырағы отын маздатып отырумен қатар жарқын іс-қызметімен көзі тірісінде ел ағасы деген атақты иеленген өмірлік жарының өнегелі өмірін кейінгі жасқа үлгі ету, есімін ұлықтаудағы қарекеті барынша құптарлық әрі тағылымды. Нақ осы тұсқа келгенде сәл кідіріп, өткенге оралып, ой елегінен бір сәт өткізейінші...

Өткен ғасырдың жетпісінші жылының соңында іргелес жатқан Сарқан ауданының экономикалық жетістігімен атақ даңққы Талдықорған өңіріне кеңінен тараған «Қарабөгет» совхозы директоры, білікті басшы, дала академигі Н.Алдабергеновтің шәкірті К.Жанатовтың орынбасары (алдымен бас инженер) лауазымынан жоғарылап, қасиетті Қараталдың мал өсіру мен егіншілігі қатар дамыған, алайда соңғы жылдары басшы тұрақтамай шаруасы шатқаяқтаған шаруашылықтың тізгінін ұстау бақыты бұйырды. Сырт көз сыншы дегендей, еңбек жолын қатардағы колхозшыдан, басшылық қызметті бөлімше меңгерушісінен бастап, сатылап көтерілген. Шұбар ауыл шаруашылығы техникумында алған білімін (қызыл диплом иегері, кейінде Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын сырттай тәмамдаған) өндіріс барысында шебер іске жарата білген көреген басшы табиғи байлығы мол, кадрлары сайдың тасындай болса да ішкі және сыртқы ресурсы толықтай игерілмей отырғандығын аңғарды, сезді. Жарқын келешекті дөп басып, бағамдай білетін Шәкең алғашқы жұмыс күнінен бастап осы олқылықтың орнын толықтыруға білек сыбана кірісті. Іс тетігін шешетін кадрды сырттан емес, өз ішінен іріктеді.

ДОТАЦИЯДАН - МИЛЛИОНЕРГЕ АЙНАЛУ

«Мешкей деген жақсы ат еместен» артта қалған совхоз атағынан құтылып, әйтеуір не керек, айналдырған бес-алты жылдың бедерінде бұған дейін шығынға батып, үкіметке алақан жайып отырған орта деңгейдегі шаруашылықты рентабельді, миллионер дәрежесіне жеткізді. Енші алып шыққан, тікелей қой өсірумен айналысатын «КСРО-ның 60 жылдығы» совхозы бөлінгеннен соң, кеңшар ұжымы енді күш-қуаты



Алғашқы бірге түскен сурет. Той алдындағы толқыныс. 1968 ж.

он мың ірі қараны бордақылап, етке өткізу саласымен айналысты. Өндірісі өрге басты. Бірінші май (қазіргі Көкпекті) ауылының ажары кірді. Жаңадан заманауи дәрігерлік амбулатория, бала бақшасы, орта мектеп, Мәдениет үйі, тұрмысқа қолайлы тұрғын үйлер көптеп салынды. Шаңы бұрқыраған көшеге асфальт төселді. Қожбан бөлімшесі ескерусіз де қалмады. Міне, аталған шаруашылықтағы өркенді істер, берекелі өзгерістер, серпінді қимылдар, күллі жаңалық атаулы сол тұстағы аудандық партия комитетінің органы «Коммунизм жолы» («Қаратал») газеті журналистерінің қаперінде болды. Ілгері басқан әр қадамы қалам ұшына арқау болды. Облыс пен республика басылымдарының да назарына ілікті.

Сол жылдары танымал журналист М.Әсербаева басқаратын алақандай газеттің редактор орынбасары әрі ауыл шаруашылығы бөліміне тікелей жауапты болғандықтан кабинетте қамалып отырмай, іссапарға жиі шығатынбыз. Мінгеніміз редакцияның су жаңа «Уазик» көлігі. Жанымызда шебер фототілші С.Жанғабылов бар. Таңертеңгілік ертелетіп жетіп, директор Шәкеңе жолығамыз. Біздің жақсылық ниетпен жиі келетінімізді аңғарған ол бас мамандарға



Қыраным - өмірлік серігім. 1992 ж.

көзімізше: «Көрем деген жерін көрсін. Аралатыңдар! Мәліметті толық беріңдер. Қарындары ашып қалмасын», – деп ескерткендіктен әр сапарда түрлі тақырыпты (мал мен егіншілік, құрылыс, мәдениет т.б.) қамтуға ұмтыламыз. Әйтеуір блокнотымыз жапырлаған цифрға толып шығады. Еңбек азаматтарымен әңгіме сәл ұзарады. Коммунистік тәртіптің қатаңдығы, сыйластық болар, этикасын сақтағандықтан басшы үйіне шақырмаса, аяғыңды аттап баса алмайсың. Бұған қоса Шәкеңнің жанкештілігін көре алмайтын алакөздер отырған, тұрғанын аңдып, түймедейді түйедей етіп, жоғарыға арыз боратқаны тағы бар. Осындай қисынды себептен он екі жылдың бедерінде ағамыздың өмірлік жары Бәтимашпен дидарласудың бір сәті түспеді. Ал оның есесіне етене араласып, сыр-сипатын білетіндердің айтуымен жеңгеміздің өте қарапайым, көпшіл, инабатты, зерделі, қолы ашық екендігінен хабардар болдық. Сол он екі жылдың ішінде «Мен бастықтың жұбайымын» деп кеуде керген, жұрттан ерекшеленіп киінген, күйеуінің билігіне араласқаны сезілмепті. Есесіне мамандығы мәдениет қызметкері болғандықтан ауылда өтетін әртүрлі мәдени-көпшілік шараның, әсіресе Наурыз мейрамы мен көркемөнерпаздар байқауын өткізерде белсенділік танытатыны көпке үлгі екен.

Уақыт шіркін жүйрік қой! Тәуелсіздігіміздің беташар жылында жаңаша ойлайтын, аграрлық сектордың білгірі, азаматтық көзқарасы орныққан Шәкеңе жоғарғы басшылар зор сенім артып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығы міндетін (1992) жүктеді. Бауыр басты Қараталымен қимай қоштасты. Талдықорғанға ірге тепті. Социалистік қоғам құрылымынан мүлдем бас тартып, өтпелі кезеңнің нарықтық қатынастарына көшердегі ие бермес асау аттай аңдыздаған қиындықтарды еңсеру барысында темірдей төзімді, болаттай берік денсаулығы сыр берді. Зейнеткерлікке ерте (1999) шықты. Айналдырған ауру ақыры жеңіп тынды. Үлкен жүрек соғуын тоқтатты. Оған қаскүнемдердің қолынан небәрі 22 жасында қаза тапқан ет жүрегі Саят баласының қайғысы да қосылды. Отбасындағы қос бірдей қиындықты сабыр сақтап көтере білген Бәтимаш жеңгеміз күрт мұқалып жасымады. Дүниеден баз кешіп кетпеді. Асхат пен Саятынан өрбіген немереге бас-көз болды. Қызғалдақ қызының тілеуін тіледі. Асхаттың ұлы, болашағынан мол үміт күтетін Ерасылы Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінің үздік студенті атанды. Ал немере қызы Әйгерім Сүлейман Демирел университетін (Алматы) үздік тәмамдап, жемісті еңбек етуде. Қызы Қызғалдақ нарық пен бизнес талабына сай негізгі мамандығы бухгалтерлікпен қатар заңгерлікті, салық ісін жетік меңгерді. Бүгінгі күні Біріккен Араб Әмірлігіндегі Дубай қаласында авиация бизнесі саласында аудит және салық департаментінің басшысы қызметін атқаруда. Қисыны келген бұл деректерді тектінің ұрпағы да тегіне тартатынын, өмірдегі лайықты орнын тапқанын өнеге етіп келтіріп отырмын.

СӨЗБЕН СОМДАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Айтпақшы, Бәтимаш жеңгемізді осыдан он жыл бұрын Талдықорғанның «Қаратал» мейрамханасында өмірден озған Шәкербек ағамыз бен Саят ініміздің аруағына арнап берілген ас дастарханында сыртынан көргенмін. Абыр-сабыр кезінде әңгімелесудің сәті түспеді. Әдеттегідей Шәкеңнің қызметтес аға-інілері: Өкітай, Болатқали және басқалар сөз алып, ел игілігі үшін қажырлы еңбек еткен азаматтың жақсы қырларын ортаға салды.

Арада жылжып жылдар өтті. Биылғы жылдың сәуірінде ұялы телефонмен хабарласқан бейтаныс жан өзін: «Шәкербек ағаңның жұбайы Бәтимашпын», – деп таныстырды да 10 мамырда Талдықорғанда ағаның дүниеден озуының жиырма жылдығына арналған асқа шақырды. Естеліктер топтастырылған «Нартұлға» кітабына менің де жазбамның енгенін айтты. Белгілі себептермен (ұлымның ауруына орай) бара алмадым. Телефон қоңырауы тамыздың соңында қайталанды. Тұтқаны көңілсіздеу көтердім. Жеңгей Алматыға



келгенін, немерелерінің жанында екенін айтты. «Қолыңыз тисе, ағаның кітабын алып кетерсіз», – деп өтініш білдірді. Мен болған жағдайды, ұлымнан айрылып қалғанымды қинала отырып жеткіздім. Мұндай суық хабарды күтпегендіктен абдырап қалғаны сезілді. Мүмкіндігінше қырқына қатысуға тырысатынын айтып, көңіл жұбатуын жеткізді. Көліктің реті болмай, келе алмады. Оның есесіне сенбіде (26.09) таңертеңгілік немересі Ерасылмен келіп, көңіл хошын жеткізді. Мұндай қасіретті халді өз басынан өткізгенін қынжылыспен жеткізді. Марқұмдар аруағына арнап құран оқылды. Бізді сабырға, төзімділікке шақырды. Ағаның кітабын табыстады. Өз басым жасының егде тартқандығын елеместен арнайылап келіп, көңіл жұбатуын айтуын теңдессіз ерлікке баладым. Себебі, Алматы шаһарында тұратын жайшылықта көзсіз патриот, ақылман менің көптеген жолдастарымның (арасында курстастарым да бар) аяғы мен сөзі жетпеген жерге үлкен басымен келіп, қолтығымыздан демегеніне риза болмай қайтерсің?! Жөн білетін адамда мін болмайды деген осы шығар...

Уақыт тауып, кітап мазмұнымен таныса бастадым. Сүйген жарына, елдің азаматына «Айбозым менің, жампозым менің!» деп баға берген Бәтимаш жеңгем құнды еңбектің құрастырушысы болумен қатар тұтас бір бөлімді (85 бет) қамтитын естеліктің де иесі. Оған қырық екі автор тартылған. Қатарында Ә.Ысқабаев, Н.Қылышбаев, Т.Ғалынов, Ә.Әрін, Р.Өтегенов, С.Кенішбаев сынды танымал азаматтар да бар. Мазмұнын толық баяндаудан қашып, оны оқырманның өзі іздеп, тауып алып оқуына жол сілтегенді абзал санап отырмын. Айтпағым, берекелі отбасының алтын қазығына айналған Бәтимаш жеңгей жасампаз істер тындырып, өмірден сәл ерте озған Шәкеңдей атпал азаматтың есімін ұмыттырмай, жаңғыртып отырудағы атқарған игі істері, әсіресе «Нар-тұлға» кітабы жас буын қажетіне жарайтын тасқа бастырылып, сөзбен сомдалған ескерткіш десе жарасады. Бұл уәжімізге XIX ғасырда ғұмыр кешкен дүлдүл ақын А.Пушкиннің мәңгі өлмес поэзиям арқылы халық жүрегіне жақын Александриялық мұнара іспеттес ескерткіш орнаттым деп ағынан ақтарылғаны дәлел.

Асылында «Жақсы сөз жүрекке шуақ» екендігі бесенеден белгілі. Танымдық жазбаның жартысын дерлік қатардағы инженерден, заманында Жетісу өңіріндегі озат шаруашылықтың көрнекті басшысы дәрежесіне көтерілген Шәкербек Оспановтың іскерлік еңбегіне арналуы – бірі өндірістің, ал сыңары отбасының алтын қазығы болғандығын баса көрсету ниетінен туды. Қалай десек те, бүгінгі шуақты күнге дін аман, мінсіз жетіп отырған жақсының жары – Бәтимаш Еспенбетқызы Абай аударған А.Пушкиннің «Онегиннің сипаты» жырындағы жақсы ұғымдағы «Жасынан түрін билеп, сыр бермеген», сөзі сара, жаны таза, ісі дара тобына жатады десек, қателеспес едік. Қазағымда азаматын әрдайым пір тұтатын Бәтимаштай асыл жар, аяулы аналар көбейе берсін!

Қараша Қараман,
журналист, қаламгер
Алматы облысы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 42 (1305) 30.10.2026 Алатау

ӘБЕН АҚЫННЫҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ

«Қызықпай атаққа да, мәнсапқа да, өтсем дедім өмірден ән сап қана...» Осылайша төгілте жырлаған ақын Әбен Данабекұлы Дәуренбеков ағамыз «қанымызға қағазсыз сіңген» бекзат өнер - поэзияның қасиетіне қылау түсірмей, керісінше оны барынша қазақы қалыппен кестелеп, жүрегінің терең түбінде тұнытып, тау бұлағындай мөлдір қалпы оқырманына қайта ұсынып, жыр сүйер жұртшылықтың мейірін мейлінше қандыра білген қарымды қаламгер – деп жазады ақын Ерғазы Манап «Абай–ақпаратта». Ерғазының жазғандарын оқи отырып, осы қоңыр күздің бір күндерінде ақын ағамыз Әбеннің өмірден озғаны есіме түсті. Бірақ, дәл қай күні екені есімде жоқ. Жаназасына барып, ақын ағамызды соңғы сапарға шығарып салдық. Сол сәттер есте қалды. Жиналған қауым көп болды.



Сүйекке түскендер ішінде Тұрсын Әбдуәлиев ағамыз басшылық етті. Бұл дегеніңіз ешнәрседен, ешкімнен қаймықпайтын бас редактор Тұрсын ағаның Әбен ақынға, оның журналистік азаматтығына көрсеткен құрметі деп түсіндік. Қандай биік парасаттылық десеңізші! Жиналған жұрт Тұрсын Әбдуәлиев ағаға ризашылық сезімдерін білдіріп жатты... Бақилыққа аттанған Әбен ағаны шығарып салған ағайынның көпшілігі жыр сүйер жұртшылық пен журналистер қауымы еді...Жаназасын оқыған да облыстық газеттің сол кездегі фтотілшісі Мират Тахиров болды. Біз таңырқап сұрап жатырмыз ғой Кенжекеңнен: Неге Мират шығарды жаназасын, имамдар жоқ емес қой қалада? - дегенімізде, естігеніміз -Тахировтың әкесі тақуа кісі болғандықтан, Мират та діни сауаты бар азамат. Сондықтан Әбен өзі көзі тірісінде Миратқа "менің жаназамды сен шығарасың," – деп, табыстап кеткен екен... Қала жұртшылығы Әбен ақынмен Бикен Римова атындағы театрда қоштасты...

ШЫҒЫСТАН ҚАЙТҚАН ЖАЙСАҢДАР

Оқырманға түсінікті болу үшін сәл кері шегініс жасап, Кенжекең деп отырғанымыз кім екенін оқырманға түсіндірейін.

Кенжекеңдермен араласқанымызға қырық жылдай уақыт болып қалды. Кенжекең деп отырғаным біздің әріптес, журналист, Көксу ауданының Құрметті азаматы, аудандағы ақпарат саласына еңбегі сіңген, газет оқығысы келіп, көңілі шөлдеп тұратын зиялы азамат. Бүкіл Көксу ауданында "Қазақ әдебиеті" газетін оқитын азамат екеу болса соның бірі, жалғыз болса соның дәл өзі.

Сол қырық жылдай араласқан уақыт ішінде аузынан тастамай айтып отыратын құрдастары Тоқтасын Сүгірбеков пен Әбен Дәуренбеков сияқты ақын және журналист ағалар еді. Олар өмірден өткенше аралары ажыраған жоқ. Құрдастары туралы әңгімелесе Кенжекең олардың мен білмейтін кәсіби қыр-сырларын айтып отыратын. Тоқтасын ағаймен әріптес болып Талдықорған облыстық телерадиокомпаниясында облыс тарағанша жұмыс істедік. Қазақша сөз қоры мол, ауызекі сөзі де, телесюжеттердің кадрден тыс текстін де қиналмай, уақыт алмай жазып бере салатын жылдамдығы бар кәсіби журналист еді. Көзімен көргенін көкірегіне тоқып, аяқастынан кабинетте отырған бәрімізге арнау өлең жаза салатын ақындығы да бар еді...

ӘЗІЛКЕШ ӘБЕН АҚЫННЫҢ АҚ КӨҢІЛІ

Ал Әбен ағаны Талдықорған облысында құрылған "Аққұс"деп аталатын әдеби -шығармашылық орта арқылы танидым. Ол кісі облыстағы ақын-жазушылардың басын қосатын орталықтың басшысы болды. Телеарнаның редакторы Дәния Омашева Әбен ағаны сол шығармашылық орталықтың жұмысына байланысты хабарларға шақырып тұратын. Жақынырақ білгеніміз сол кезден басталды. Ол кезде орысшамыз көп, қазақшамыз аз болғандықтан шығар, Әбекең сияқты керемет ақынның бар екенін мен кейін білдім.

Әзілкеш еді. Студияға келіп-кетіп жүргенде маған "қызыл ерін қыз" деп қалжыңдайтын. Қазір сол кез еске түссе, "помада жағып, боянып жүргендерді жақтырмағаны шығар" деп ойлаймын. "Ауылдағы той" деген әсем әннің сөзін жазған автор екенін білгенімде тіпті таңқалдым. Әннің авторы Әли Алпысбаев екенін де кейін білдім. Ол жылдары облысқа жаңадан келген кезіміз болғандықтан шығар...Ән әр тойда орындалып жатады, сөздерін ел жатқа біледі :

Тойың тойға ұлассын,
Салған әнің қыр ассын.



Сәнін берсін Сәкеннің,
Әнін берсін Күләштің, туысқандар-ай!

- деген бата сөздер әнге айналып шыға келген. Не деген керемет тілек!

Кенжебек Бектемісовтың Әбен құрдасы туралы әңгімелері көп-ақ. Тыңдасаң, күлкіден езу жимайсың...

Кенжекең әңгімесінде Әбен ағаның келіншегі Қайынжамал өте кең адам болған деп отырады. Кенжекеңнің келіншегі Кәмила да Қайынжамалмен өте жақсы араласқандарын, өмірден ауырып, ерте кетіп қалғанын өкінішпен айтып отыратынын талай естідім.

Бірақ сол кезде айтылмайтын бір деректі Кәмила мен Кенжекеңнен жақында ғана естідім. Қайынжамал Сәкен Иманасов сияқты елге танымал қаламгердің қарындасы екен... «Инабатты, тәрбиелі, орта көрген мінезді жан еді» деген жақсы лебіздерін талай естісем де, Иманасовтың қарындасы екенін білмейді екенмін.

Осы орайда Кенжекеңнен сұрап қалдым: - Олай болса Әбен аға Сәкен Иманасов арқылы елге танымал болған шығар? Күйеу баласы ғой дегенмен?..

Тура сөйлейтін Кенжекең: -Жоқ. Бұл жерде ондай әңгіме болмауы тиіс. Сәкен Иманасов Әбенмен бұрыннан таныс, әрі әріптес болды. Ол кезде Әбен оның қарындасымен қосылған жоқ болатын. Сәкен Иманасов Әбеннің ақындық қабілетін ерте көріп, біліп, Әбеннің талантын таныды, оны қолдады. Елге танытты. Сәкеннің адамгершілігі жоғары азамат қой, - деді...

Журналист деген халық өзі ерке халық қой. Еліне де еркелейді, үйіндегі келіншегіне де еркелейді. Соның бір көрінісі - Кенжекең айтқан Әбен аға туралы мына бір естелік.

- Жұмыстан кейін әріптестер бір жерде отырып (мүмкін сырахана болар - Кенжекең оны айтпады), әңгімені біраз бұрқыратып, үйге қайтар кезде Әбен ағамыз стол басында отырған әріптестерінің бәрін үйіне шақырады екен:

- Жүріңдер, Қайынжамалдың шәйін ішіп қайтыңдар! - деп. Әріптестерде "отказ" жоқ, бір топ болып Әбекеңнің үйіне бет алады. Есікті қаққан Әбекең Қайынжамалға айтады екен: - Елдің бәрі қырыла мас, мен ғана сау, - деп, жігіттерді үйге кіргізіп, сыйлап жібереді екен.

Кенжекең Бектемісов айтқан тағы бір әзіл есіме түсіп отыр. "Еңбек туы" газетінде істеп жүрген жылдары болса керек, Әбен аға газеттің кезекті номеріне кезекшілік етіп отырса керек. Қате көп болып шаршап кетті ме, кім білсін, сонда айтқаны: "Жұмыс істеп Әлиге, барғаным жоқ әлі үйге!" - деп, елді күлдірген сәттері де болыпты. Әли дегені бас редактор болған Әли Ысқабаев ағамыз екен. Әзілкеш Әбен ақын ағамыздың Кенжекеңнің есіндегі тағы бір әзілі:

Облыс қысқарған жылдары болса керек. Жұматай Жақыпбаев пен Әбен аға автобуста келе жатса біреу Әбенге тисіп қоймапты. Автобустан түскен соң әлгіні Жұматай бір соғып жықса, Әбен: "Жұматай-ей, мен оны өзім-ақ соғып жығатын едім ғой!" - деген екен.

- "Тамағының астында қалы бар Мадина" деген өлең кімге арналды екен?- деп сұрағанымда Кенжекең: - Ол өлең Әбен ауырып ауруханаға түсіп қалғанда туған өлең, Мадина деген медбике қыз Әбенге укол салып, дәрісін беріп жүргенде тамағына көзі түскен ғой құдың, несі бар көзі түссе, ақынның жүрегі жұмсақ болғаны ғой, - деп күлді.

Әулиеата жерінен келіп едің, Мәдина,
Екі өзенді тел емген елік едің, Мәдина.
Көлде жүзген мамырлап ақ қаз едің, Мәдина,
Жамалың да, жаның да тап-таза едің,
Мәдина.

Саусағыңды саусағым сипап еді, Мәдина,
Саусақтарың не деген шипалы еді, Мәдина!
Күлімдеген көзіңнен күн көрінген,
Көре алмайды ол күнді кім көрінген.
Ақ тамақтың астында мең бар еді, Мәдина,
Сол бір меңге қадалып нем бар еді, Мәдина!
Қайда жүрсең мен көрген қалпыңдасың,
Мәдина,
Аман болсын аялулы, алтын басың, Мәдина!

Жылы жүзді, жұмсақ мінезді ақын Әбен ағаның досы көксулық журналист Кенжебек Бектемісов екеуінің Қазақстанға келгенге дейінгі тағдырлары ұқсас болатын. Кейін де жоғарғы оқу орнын бітіріп, екеуі де журналистика саласында еңбек етіп, отбасыларымен тығыз аралас болған. Әбен ақынның Света, Гүлзада, Әсия, Жазерке, Айдын атты ұл-қыздары бар. Бүгінде барлығы да үйлі-баранды. Жарынан ерте айрылған ақын осы балаларының қанатының қатаюына ерекше еңбек сіңірді. Әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білді. Қиын жылдарда қайтыс болған жарының орнын ешкімге ұсынбауының басты себебі – ақынның сезімтал жүрегі екінші Қайынжамалды таппайтынын сезген шығар... Әкенің балалар алдындағы жауапкершілік жүгін арқалай білді.

ЖЫРЫ ҚАЛҒАН АРТЫНДА

Мың күн «бала» атанып, бір күн «дана»,
Шыңға шықтым, құладым құрдымға да.
Жалғаса бер тәтті жыр, ащы өмірім,
Мәпелеме, сағымды сындырма да.

Құрағы – гүл, тынбайтын бұлағы – жыр,
Сындырмасын сағымды мына ғұмыр.
Өкінгенмен не пайда өткен күнге,
Мың күн сынбас шөлмек те сынады бір…

Мұңдасам да қартпенен, жігітпенен,
Мұңаям да беталды күліп келем…
Қарамаппын жолдарға күдікпенен,
Әлі де көп нәрседен үміттенем.

Аласұрып бұлданба текке көңіл,
Жыл дегенің – беймаза өткен өмір.
Өткен күнді елжіреп есіңе алсаң,
Кеткен күнге тек мәнсіз кектене біл!

Қуандың ба, күтесің нені көктен,
Басқа әлемнен дәп бүгін келіп пе ең?
Туған айдай тураулы ет – жыл дегенің,
Желмаядай бір өмір желіп өткен.

Өткен күнім түсіме жиі енеді,
Сан көсілді көлігім, үйеледі.
Көңіліңді, көгерткен көсегеңді,
Жыл дегенің не деген киелі еді!

Қуанышты қолпашқа құлай күлсін,
Күлмегендер өмірге былай жүрсін.
Дүниені жасартып жыл келмесе,
Не боларын жалғанның Құдай білсін.

Бір даладан кездескен, бір қаладан,
Қайран жылдар – тәтті өмір сырғанаған.
Қош болыңдар, хош келдің, келе бергін,
Дидарыңды әйбәттап нұрға малам, - деп, жырлаған ақын ағамыз Әбен Дәуренбековтың өміршең өлеңдері поэзия дүниесінде өлең сүйер қауымға рухани азық болып қала бермек. Өйткені оның өлеңдерінде өмір де, қуаныш та, мұң да, сарғайған жапырақтар сияқты сағыныш та, мөлдір сезім де, қысқасы, Әбен ағамыз адамзатқа тән барлық табиғи құбылысты жырлаған ақын . Сондықтан да оның қазақ поэзиясындағы алар өз сатысы бар.

Баян ТАҢАТАРОВА

АЛТЫН АЛЫП БЕСІК

Сембек Әбді-Рахман
«Алатау»

Бұл бесік талайды тербеткен,
Бесікте әкең де ержеткен.
Ұрпағым алаңсыз өссін деп,
Қас шебер қашаған еңбекпен.

“Қазақ аналары — дәстүрге жол” қоғамдық бірлестігі қазақ аналарына отбасы, бала тәрбиесінде тіліміздің, діліміздің, ұстанған дінімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымыздың озығын насихаттап, үйрету, тәлім-тәрбиенің өзегі ету мақсатында құрылған. Бүгінде бұл ұйымның еліміздің барлық өңірінде филиалдары ашылып, өз жұмысын ерекше қарқынмен жүргізуде. Олардың қатарында жас аналардан бастап көпті көрген әжелерімізге дейін бар. Сонымен қатар ұйым жұмысы әлеуметтік желілер арқылы да жүзеге асып жатыр. Оларда қыз-келіншектер, әжелер қазақтың дәстүрі, ырым – жоралғысы жайлы пікір алмасып, жан - жақты талдайды. Озығын әспеттеп, тозығын жаңғыртуға ат салысады.





«Алып сәукеле»

Негізгі мақсаты - ұмытылып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, отбасылық құндылықтарды нығайту, аналар мен әжелер мектебінің дәстүрін жалғастыру және жастарға тәлім-тәрбие беру.

Басшылық жасап, негізін қалаушы бірлестіктің төрайымы — Айнұр Жүгінісова.


Еліміздің түкпір-түкпірінде (облыстар мен аудандарда, соның ішінде Талдықорған, Павлодар, Ақтөбе, Атырау және т.б. өңірлерде) филиалдары мен бөлімшелері жұмыс істейді.

Негізінен ұлттық қолөнерді үйрету, аналар мен әжелердің басын қосқан жиындар, тәрбиелік кештер, кездесулер мен байқаулар ұйымдастырылады.

Бірлестік төрайымы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық кеңес мүшесі Айнұр Жүгінісова ұйымның миссиясы жайлы былай дейді:

- Ел қай кезде түзеледі? Ел отбасында береке мен тәртіп болғанда ғана түзеледі. Тәртіп-тәрбиесіз білім де, байлық та құнсыз.

Сол себепті, дәстүрімізді лайықты түрде насихаттап, барлық қазақ аналарын сауатты түрде, отбасы өмірін гүлдендіруге бағыттап, тек жақсы, тәрбиелік мәні



«Алып бесік» Талдықорған

бар сөз айтайық. Саясатпен ерлеріміз айналыссын, біз отбасымызды тәрбиелейік! Саяси да, білім жағынан да сауатсыз жастар отбасында дұрыс тәрбиеленбегендіктен шығып жатыр. «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі (РҚБ) құрылған сәттен бастап ел көлемінде ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді жаңғырту және ұрпақ тәрбиесі бағытында ауқымды жұмыстар атқарды.

Ұлттық қолөнер шеберлік бағытында бірлестік мүшелері бос уақыттарында кесте тігу, тоқыма тоқу, ою ойып, көрпе тігу өнерлерін жас буынға үйрету шараларын ұйымдастырады.

Келіндердің қолөнерін кәсіпке айналдыру, салт-дәстүрді жаңғырта отырып,



Айнұр Серікқызы Жүгінісова, Бірлестік төрайымы

ұлттық нақыштағы бұйымдарды заманауи трендке сай дайындап, өз кәсібін ашқан қыз-келіншектерге қолдау көрсетілді.

25 қазан Республика күніне орай Талдықорған қаласында өткен «Алтын алып бесік» фестивалінің куәсі болдық. Жүргізуші рекордтық өлшемдерді тексеру және сертификаттау рәсіміне Азия және Африка елдері бойынша әлемдік рекордттарды тіркеу жөніндегі бас офицер Қуандық Құдайберген мырзаны шақырды. Қуандық мырза алып бесіктің (Global Best of Rekords) Гиннес рекордттар кітабына енгендігін хабарлап Айнұр Жүгінісоваға сертификат тапсырды. Гиннес рекордтар кітабына енген алып бесіктің өлшемдері келесідей:

Ұзындығы: 6 метр
Биіктігі: 4,5 метр
Ені: 3,5 метр

Бұл алып бесіктің авторы — Дүйсенбай Өзенбаев (өзінің қызы Жанарға арнап жасаған бесігінің үлкейтілген нұсқасы), ал оны құрастырып шыққан шеберлер — Ерзат, Ерлан және Нұрлан Өзенбаевтар.

Талдықорған қаласындағы «Жастар» паркінің кең алаңына үлкен сахна орнатылған. Сахнаның шығыс жақ бөлігіндегі алаңқайға «Алып бесік» қойылған. Алып бесіктің екі жағына симметриалды етіп тең қабырғалы үшбұрыш спетті кішкене 60 бесіктермен әжелер орналасып отырған. Бұл деген тоқтаусыз ұрпақ жалғасуының белгісі болып табылады. Осы жерде алып бесіктің екі жағынан қатарымен шыққан қолдарына сәби ұстаған келіндер бесік қасындағы енеге сәлем беріп, сәбиді бесікке бөлеуге ененің қолына тапсырып, қасына жайғасты. Бесік жыры айтылды. Бата берілді.

Одан әрі сахна төрінде марапаттаулардан кейін әжелердің орындауында концерттік бағдарлама кезек алды. Бұл іс-шараға қазақстанның барлық облыстарынан әжелер қатысты. Жетісу әжелер ансамблі сырнайдың сүйемелдеуімен «Беу айдай», астаналық Құртқа атты әженің орындауындағы Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні ерекше шырқалып, ел құлағын елең еткізді.

Алып бесік қасында тұрған Айнұр Жүгінісовадан: *«**Алып бесіктен де басқа қандай іс-шаралар өткіздіңіздер?**»* - деп сұрап қалдық.

- Бұған дейін Түркістанда – «Алып сәукеле» биіктігі 7м, ені 5 метр, желегінің ұзындығы 500м, Алматыда «Алып шаңырақ», «Алып сырмақ» (ұзындығы 130м), Астанада алып «Алтын ұршық» ұзындығы 7м, ені 5м, Аягөз қаласында – «Алып жүрек» биіктігі 6м, ені де 6м. Павлодарда «Алып шапан» мен «Алып кимешек», Бүгінгі «Алып бесік» - сол игі бастамалардың жалғасы, ұлт болашағына



Зәмзәгүл Мұқанқызы, Бірлестік кеңесшісі

арналған аманат. Бесік баланың алғашқы мекені, ананың әлдиі, әженің ақ батасы, отбасының берекесі. Бесікпен бірге тәрбие басталады, дәстүр жалғасады, ұрпақ өседі.

- **Бұл іс-шараға қазақстанның қанша облыстарынан қатысып жатыр?**

- Бұл іс-шараға қазақстанның барлық облыстарынан әжелер қатысты. Жетісу әжелер ансамблі сырнайдың сүйемелдеуімен «Беу айдай», астаналық Құртқа атты әженің орындауындағы Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні ерекше шырқалып, ел құлағын елең еткізді.



«Алып шапан»

- Бұл іс-шараға қазақстанның барлық облыстарынан әжелер қатысты: Павлодардан - 2, Орынбордан – 1, Көкшетаудан – 3, Семейден – 4, Аягөзден – 5, Қырғызстаннан-2, Атыраудан -5, Ақтаудан -8, Ақтөбеден -3, Қарағандыдан -1, Шымкенттен -6, Астанадан – 7, Жамбылдан – 5, Алматы облысы Іле ауданы – 18, Жетісу облысы Ақсу ауданынан – 28, Панфилов ауданынан – 52, Сарқаннан – 19, Текелі қаласынан – 8, Қаратал ауданынан – 5, Ескелді ауданынан – 5, Талдықорған қаласынан – 200 ден астам әжелер және 100 кіші бесік жиналды.

- **Жақсы әңгімеңізге көп рахмет істеріңіз сәтті болсын!**

“Қазақ аналары — дәстүрге жол” республикалық қоғамдық бірлестігінің кеңесшісі Зәмзәгүл Мұқанқызынан: ***«Алып бесікті кім жасап шықты? Оған қаражатты қайдан алдыңыздар?»*** - деп көкейіміздегі сұрақты қоймай тұра алмадық .

- Алып бесікті Көксу ауданындағы «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мәриямгүл Оспанқызының басқаруымен сол ауданның шеберлері жасады. Оған 600 мың тг шамасында қаражат жұмсалды. Ол қаражатты осы өңірдегі әжелер өз еріктерімен демеушілік көрсетті. Әрине, ол үшін үлкен алғыс айтамыз.

- **Жазушы Мұқтар Әуезовтің «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген қанатты сөзі ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің маңызын айқын көрсетеді. Рахмет! Қашан да осындай ауызбіршілікте болғандарыңыз қуантады.**

Әлдиім, бөбегім, әлдиім,
Сезінші әжеңнің сан күйін.
Жасыңнан санаңа сіңіріп,
Ұғып өс еліңнің ән – күйін!



Бесік тербетер аналар мен әжелер бар болсын! Бесікке бөленіп, сәбилер өсе берсін!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 42 (1305) 30.10.2026 Алатау

БАР БІЛІМНІҢ МЕКЕНІ - КІТАПХАНА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ «МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНДА «КІТАПХАНА – АҚПАРАТТЫҚ, МӘДЕНИ, БІЛІМ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОРЫНДАЙТЫН, БАСПА ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБА ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚОРЫ, СОНДАЙ-АҚ ГРАФИКАЛЫҚ, ДЫБЫСТЫҚ-КӨРІНІС МАТЕРИАЛДАРЫ, ЭЛЕКТРОНДЫ ЖЕТКІЗГІШТЕРДЕ ҚҰЖАТТАРЫ БАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА УАҚЫТША ПАЙДАЛАНУҒА БЕРЕТІН МӘДЕНИЕТ ҰЙЫМЫ» ДЕП КӨРСЕТІЛГЕН.

Кітапхана - университеттің ең негізгі құрылымдарының бірі. Кітапхана ресурстары мен әлемдік ақпараттық ресурстарға жедел қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы оқу орнында білім беру процесі мен ғылыми зерттеулерді қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған орын.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің кітапхана тарихына көз жүгіртер болсақ, 1931 жылы медициналық институттың ашылуынан басталады, алғашқы кітап қор жинағы шамамен 6000 данаға жуық болған.

ҚазҰМУ ректорының № 354- Л бұйрығы негізінде кітапханаға 2014 жылы «Ғылыми кітапхана» мәртебесі беріледі.

Бүгінгі таңда ғылыми кітапхананың кітап қоры 1,5 миллионға жуық. Бұл кітаптар, диссертациялар, рефераттар, мемлекеттік, орыс және шет тілдеріндегі оқулықтар, көркем әдебиеттер, мерзімді басылымдар. Университет ғалымдарының еңбектерінің электрондық кітапханасы (ЭК) оқу, оқу-әдістемелік басылымдарды, университеттің ПОҚ монографияларын, еңбектерінің материалдары мен ғылыми конференциялар жинақтарын қамтиды. Көркем әдебиеттер мен өнер туралы әдебиеттерді насихаттаудағы студенттермен жүргізілетін жұмыстар болашақ мамандардың рухани жағынан дамуына үлкен әсер етеді. Бұл әдебиеттер университет кітапханансының бір бөлігін құрайды.

Ғылыми кітапхананың алтын қорында өте сирек кездесетін XVIII-XIX ғасырларда жарық көрген медицина бойынша 3 851 дана әдебиеттер бар, оның ішінде қорда Брокгауз және Ефрон энциклопедиялары да бар.

Мерзімді басылымдар мен электрондық ресурстарға жыл сайынғы жазылуды ұйымдастыру үшін мониторинг жүргізіледі. Ғылыми кітапхана қоры ЖОО кафедраларынан келіп түсетін өтінімдерге сәйкес, кітап қоры жаңа кітаптармен толықтырылып отырады.

Ғылыми кітапхана ақпараттық-библиографиялық қызметтерді ұсынуға көп көңіл бөледі: «Ақпарат күндері», «Кафедра күндері», көрме-қараулар, әдебиеттердің ұсыныс және ғылыми-көмекші тізімдерін жасау, тақырыптық жазбаша және ауызша тақырыптық анықтамаларды орындау. Кітапханалық қызмет көрсету мен қорды насихаттауда жаңа әдебиеттердің көрмесі, еліміздегі айтулы оқиғаларға арналған, тарихы мен әдебиетін насихаттайтын тақырыптық көрмелер үлкен роль атқарады.

Жаңа әдебиеттердің түсуіне қарай ақпараттық бюллетеньдер шығарылады, сондай-ақ, жаңа түсімдердің виртуалды кітап көрмесі түріндегі ақпараттар С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылады.

Кітапхана тек ақпараттық қызметпен ғана айналыспайды, сонымен қатар студенттердің тәрбие процессіне де белсенді қатысады. Оқу конференциялары, пікірталастар, қызықты адамдармен кездесулер, кітап тұсаукесерлері өткізіліп, осы бағыттар бойынша стендтер, тақырыптық библиографиялық шолулар ресімделеді.

Бүгінде кітапхана заманауи ақпараттық технологияларды енгізе отырып, өз дәстүрлерін жалғастыруда. Кітапхананы пайдаланушылар жеке кабинет арқылы кітапхананың ресурстарына қашықтан қол жеткізе алады. Жаңа сервистер әдебиетті іздеу, тапсырыс беру және брондау процестерін автоматтандырылған режимде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Пайдаланушыларға басылымдар іздеуде және таңдауда консультациялық көмек көрсетіледі.

Кітапханада кітапхана процестерін автоматтандыруды және интернет арқылы электрондық каталог қорына қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтитын кітапхана процестері үшін арнайы әзірленген «КАБИС» автоматтандырылған кітапхана жүйесі пайдаланылады.

Кітапхананың құрылымы 4 бөлімнен тұрады. Кітап қорын дамыту бөлімі, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі,



ақпараттық әдістемелік бөлім, кітапхана процесстерін автоматтандыру бөлімі. Қызмет көрсету бөліміне қарасты: 4 абонемент, 3 оқу залы және электрондық білім беру ресурстарымен жұмыс істеу үшін Интернетке және Wi-fi аймағына қосылған 30 ноутбук, 40 моноблок, 60 компьютермен жабдықталған 1 компьютерлік 1 интернет залы бар.

Студенттер мен қызметкерлерге қолжетімді ресурстар. JoVe, Science Direct, Cochrane library, eBooks Medical Collection, IPR Smart, Aknur Press, Web of Science, Scopus сияқты ірі әлемдік баспалардың халықаралық әлемдік дерекқорларына қол жеткізу, сондай-ақ отандық электрондық платформаларға қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Ай сайын ЖОО-ның барлық мектептері факультеттері үшін «ҚазҰМУ Ғылыми кітапханасының электрондық ресурстары» бойынша онлайн және офлайн оқыту семинарлары өткізіліп тұрады.

«Кітапхананы – өзіндік өмірі бар орта» дейміз. Осында отырып, сабаққа дайындалып, кітап оқып, жұмыс істеп, ғылыми еңбектер, зерттеулер жазатындар да бар.

Қазіргі уақытта Ғылыми кітапхана 2026 жылдың сәуір айынан бастап 24/7 яғни тәулік бойы жұмыс істеуде. Кез келген студенттеріміз, магистранттар, резиденттер өзіне ыңғайлы уақытта келе алады. Жаңа жұмыс форматы енгізілген соң кітапханаға келушілер саны да артуда.

Университет тарапынан үнемі кітапханашыларға қолдау көрсетіледі. Кітапханашыларымыз бен қызметкерлеріміз аймақтық және халықаралық конгресске, семинарларға, білім жетілдіру курстарына қатысу арқылы үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ вебинарлар мен онлайн іс-шараларға да үздіксіз қатысып отырады. Өткен жылы «Алтын Ғасыр» зияткерлік дамыту орталығының ұйымдастыруымен Ғылыми кітапхананың басшысы К.Р.Мейрбекова Түркия елінің астанасы Анкара қаласындағы Президенттік Ұлт Кітапханасында өткен «Заманауи кітапханалардың қызметін ілгерілетудің инновациялық тәжірибесі» атты халықаралық кітапханашылар курс-семинарына қатысса, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Заманауи кітапхана: трансформация, инновациялар және бейімдеулер» атты біліктілікті арттыру курсына кітапханашылар Н. Кошымова, Н. Омарова, Г. Ибраева, А. Басимова, Ж. Баймухамедовалар қатысып, сертификаттар алды. Ал, биылғы жылы Оңтүстік Корея Республикасының Пусан қаласында әлемнің 111 мемлекетінен келген кітапхана мамандары қатысып, кәсіби тәжірибе алмасып, кітапхана ісінің заманауи бағыттарын талқылаған «Кітапханалар –трансформация қозғаушысы» тақырыбында өткен ИФЛА-ның 90-шы конгрессіне кітапхана қызметкері А.Қыдыралинова қатысып, үлкен әсер алғандығын айтып, қызметкерлерге слайд-презентация жасап алған білімдерімен бөлісті.

Оқырман талабын бірінші орынға қоятын, кітапқа қолжетімділіктің заманауи тетіктерін табуда үздіксіз ізденіс үстінде жүретін барлық кітапханалар жұмысына сәттілік тілеймін!

Бізбен хабарласқысы келетіндерге – сот: 87024183304.

Қыдыралинова Аяжан Нұртайқызы
С.Ж. Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ-нің ғылыми кітапхана
басшысының кітапхана ісі жөніндегі
орынбасары

РУХАНИ ШЕП

КУРСАНТТАРМЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ СҰХБАТ ӨТКІЗІЛДІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында ҚР ҰҚК Шекара академиясының 4-курс курсанттарымен машықтану алдында профилактикалық сұхбат өткізілді. Іс-шараға әскери полиция қызметкері, капитан Ж. Болатов қатысты.

Сұхбат барысында әскери тәртіп пен заңдылықты сақтау, жарғыдан тыс қарым-қатынастардың алдын алу, өзара сыйластық пен әскери әдеп нормаларын ұстану, шекара нарядындағы қауіпсіздік талаптарын орындау және мемлекеттік шекараны қорғау қағидаларын қатаң сақтау мәселелері түсіндірілді.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының байланыс және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бастығы, майор Бақтияр Нұрсұлтан Үштөбе қаласындағы Бикен Римова атындағы және №13 орта мектептердің жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында оқушыларға ҚР ҰҚК Шекара академиясына, Ресей Федерациясы мен Түркияның жоғары әскери оқу орындарына түсу тәртібі, үміткерлерге қойылатын талаптар, құжаттарды рәсімдеу, іріктеу кезеңдері, дене даярлығы және әскери мамандықтар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар курсанттардың материалдық-әлеуметтік қамтамасыз етілуі мен оқу аяқталғаннан кейінгі әскери қызмет мүмкіндіктері түсіндірілді.

«ТІЛ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ» САЙЫСЫНДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай Талдықорған қаласында мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері арасында «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» облыстық зияткерлік сайысы өтті. Жетісу облысының ішкі саясат басқармасына қарасты «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған байқауда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының әскери қызметшілері 10 топтың арасынан жүлделі II орынға ие болды.

Жүлдегерлер қатарында «Нұр жолы» (жолаушылар) шекаралық бақылау бөлімінің кіші бақылаушысы, қатардағы жауынгер Самир Фазилов, «Нұр жолы» (жүк) шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы, ефрейтор Нуриддин Лебиров және «Алтынкөл» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімінің кіші бақылаушысы, қатардағы жауынгер Дильмурат Кахарманов бар.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

Бейсенбі - Четверг, 5 қараша

ХАБАР

05.00,14.30 «Рауза»
06.00,20.00 Телехикая «Үзілген жапрақтар»
08.00 «Оян!»
10.00 «Cover show»
12.00 19.00 «Келінжан»
13.00 «Ойнайық»
14.00 «Өзекті»
16.15 кино «Періште»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Новости
22.00 Кино «Сакура иц май лайф»
00.00 Сериал «Ловушка»
00.45 Сериал «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена »
06.55 «Принц сибири»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
12.55 сериал «Чудо»
14.00 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз шоу»
20.00, 01.15«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины новые горизонты»
23.00 «Пять минут тишины сибирские морозы»
01.45 «Подкидыш»
03.45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің» ойын-сауық
08.00 Вечерние новости
08.50,16.15 Сериал «Пламя жизни»
11.10, 23.40 Сериал «Агенты справедливости»
13.45,21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
18.15,01.50 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.20 «Упертый»
04.15 «Закира»
05.10 «ктк қоржыны»
05.40 «Әнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 Д/ф «Дін заңнаманы жетілдіру»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ ф «Тазы.Қазақтың қазынасы»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Көлеңкедегі күш»
17.00 «Әу» де»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Нағыз дипломатия»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Атам мен әжем»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.40 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Қалаофф»
09.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.40 «Слепой закон»
13.20 худ. фильм «Ларго Винч -2 Заговор в бирме»
16.10 худ. Фильм «Тайфун»
18.00 «Глаза дракона»
21.00 худ. фильм «На крючке»
23.40 худ. фильм «Охота на зверя»
01.30 худ. Фильм «Родной ребенок»
03.50 «Time Vine» ойын-сауық
04.20 «Тик ток» ойын-сауық
04.30«What's up?» ойын-сауық
04.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық
05.00 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
06.10 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
07.30,08.10,09.40,16.00,17.00,18.30,02.20 Телесериал
08.00 Новости утро
11.00 Союзмультфильм
12.00,13.30,00.00 Әзілің жарасса
12.40 Цифровая гигиена
13.00 Жаңалықтар күндіз тікелей эфир
13.15 Новости день прямой эфир
14.30, 22.50 «Қыз бала құт»
18.00 Жаңалықтар қорытынды тікелей эфир
19.30 Новости вечер прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
01.30 «Тек қана қыздар»
03.40 Тазалық уақыты

Жұма - Пятница, 6 қараша

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00, 14.30 т/х «Рауза»
06.00, 20.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
08.00 «Оян!»
10.00 «Cover show»
12.00, 19.00 т/х «Келінжан»
13.00 «ОйнаIQ»
14.00 «Біздің назарда»
16.30, 22.00 кино «Менің үйім қайда?»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «КешREC»
00.10 сериал «Ловушка»
00.50 телесериал «Самый Лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 сериал «Падение ордена»
06.50 сериал «Принц Сибири»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.10 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
12.55 сериал «Чудо»13.05 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.20 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02,55 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.25 сериал «Я иду тебя искать-7»
02.30 Басты жаңалықтар
02.45 «Koremiz-шоу»
03.35 П@УТINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.20 Вечерние новости
09.20, 03.10 сериал «Пламя жизни»
11.45 сериал «Агенты справедливости»
14.15 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.15 сериал «Пламя жизни»
18.15 сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Три сестры»
01.45 сериал «Топтун»
03.20 отандық т/х «Упертый»
04.15 отандық т/х «Закира»
05.00 КТК қоржыны
05.35 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
11.00 Д/ф «Тағдырды өзгерткен таңдау»
11.10 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Үйде жалғыз емеспін»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 М/ф «Отырарды қорғау»
18.35 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Вкус жизни»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 Лашын концерт

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 05.20 «Күліп All»
08.20т/х « ҚалаOFF»
09.00, 05.20 «Кун-Фу Панда»
09.20 мультсериал «Черепашки-нинзя»
10.30 х/ф «Три брата»
14.20 х/ф «Двойной удар»
17.00 х/ф «Экипаж»
21.00 кино «Боги Египта»
23.40 х/ф «Глаза дракона»
01.40 х/ф «Истиная связь»
04.10 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
04.30 «What's up?»
04.50 «1001 әзіл»
05.00 «Bala BATTLE»
05.40 «Күліп All»

7 КАНАЛ

04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10 т/х «Тәуіп Хо Жун»
07.30,08.10, 09.40, 16.00, 18.30, , 01.10 т/с
08.00 Новости «Утро»
11.00 Союзмультфильм
12.00, 13.30 «Әзілің жарасса»
12.40 «Цифровая гигиена»
13.00 Жаңалықтар/Новости тікелей эфир
14.30, 23.10 т/х «Қыз бала - құт»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
19.30 Новости прямой эфир
20. 00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Это море переполнится»
00.10 «Әзілің жарасса»
01.30 т/х «Тек қана қыздар»
03.20 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.00 Тазалық уақыты

Сенбі - Суббота, 7 қараша

ХАБАР

05.00, 01.30 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт. «Әпке» Р.Әлқожа мен Ә.Әлқожа
06.00, 20.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
08.00 «ОйнайіQ»
09.00 «Азамат»
10.00 Мультфильм
11.00 т/х «Құдаша қыз»
13.00 «Жекпе-жек айтыс»
14.00 т/х «Стартап.QZ»
16.00, 23.00 х/ф «Робокоп 3»
18.00 Түсаукесер «Топ-Тартыс»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
00.50 т/с «Самый лучший муж»»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.55 Главные новости
08.30 Құрылтай онлайн»
08.55 т/х «Ауыл мұғалімі»
10.00 х/ф «Назад к счастью»
12,15 «Поле чудес»
13.35 сериал «Второй брак»
17.50 «Точь-в-точь»
20.00 «Basty Prime»
20.50 сериал «Пока брак не разлучит нас»
01.10 Ночной кинотеатр «Формула преступления»
03.30 «Qaimaq»
04.15 П@УТINA

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
07.50, 01.15 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.05,03.30 д/ф «Право на личное»
10.50,03.30 Концерт. Мақпал Жүнісова
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 Битва экстрасенсов. Реванш
16.40 сериал «Три сестры» (повтор)
21.00 сериал «Три сестры»
05.10 «КТК қоржыны
05.50 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
10.55 М/ф «Оқсыз оқиға»
11.20 «Сергек»
12.00 «Тілашар
13.00 К/ф «Әкемді сағындым»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «После огня»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.35 Д/ф «Балқаштағы бұралаң»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Счастливое детство»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 К/ф «Ақылдылар ойыны»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 М/ф «Бәйдібек би»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 С.Сайлаубектің концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
06.30 х/ф «Бобби»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 «31 әзіл»
11.20 т/х «Қорған»
12.50 « AI, Бәрекелді»
15.00 мультфильм «Лови волну-2»
17.10 мультфильм «Ледниковый период-2»
19.00 Кино «Пираты Карибского моря:
Прокятие черной жемчужины»
22.00 х/ф «Люди икс»
00.20 х/ф «На крючке»
02.15 х/ф «Жестокая судьба»
04.30 «Whats up?»
04.50 «1001 Әзіл»
05.00 «Bala Battle»
05.40 Күліп All »
05.40 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
05.40 т/х «Долг чести»
09.00, 17.00, 18.00, 01.40 Телесериал
13.20 «Әзілің жарасса»
14.00 «Сенсация» бағдарлама
15.30 к/ф «Төртеудің құпиясы»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Это море переполнится»
23.10 т/х «Төртеудің құпиясы»
00.40 «Шаншар»
03.30 Тазалық уақыты

Жексенбі - Воскресенье, 8 қараша

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт. Тамара Асар
06.00, 20.00 т/х «Үзілген жапырақтар»
08.00 «ОйнайіQ»
09.00 Арнайы репортаж
09.30 мультфильм
10.30, 21.00 т/х «құдаша қыз»
13.00 «Өмір өрнегі»
14.00 Кино «Стартап. QZ»
14.40, 23.00 х/ф «Робокоп-2»
16.00, 23.30 т/х «Путь домой»
18.00 кино «Любой проблеманы шешеміз»
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
00.30 т/с «Самый лучший муж»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.150 «Qaimaq»
07.45 «BASTY PRIME
09.00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
10.00 х/ф «Мираж»
11.50 «Пусть говорят»
13.05 сериал «Пока брак не разлучит нас»
17.35 х/ф «110»
20.00 «Аналитика»
20.50 сериал «чужая жизнь»
01.25 «Что? Где? Когда?»
02.25 ночной кинотеатр «Формула преступления»
03.30 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.20 «Шәмші әндерінің кеші» ш/к
07.50, 00.30 «Было дело» д/д
10.05 док.ф. «По зову сердца»
10.35, 03.50 «Шымкент шоу»
12.00 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00, 22.00 Битва экстрасенсов: Реванш»
16.40 сериал «Три сестры»
21.00 Портрет недели
06.10 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта»
10.00 «Апта»
11.00 Д/ф «Как уберечь детей от религиозных манипуляций Тв»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 К/ф «Менің кумирім»
13.40 Д/ф «Религиозные здания»
13.45 Д/ф «Менің елім»
15.00 «Шашу»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Бір кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 Гүлнұр Нұрасыл 2025

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
06.20 х/ф «Семья»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
12.10 х/ф «Ледниковый период-2»
14.10 кино «Пираты Карибского моря»
17.20 кино «Боги Египта»
20.00 «AI! Бәрекелді шоу»
22.20 х/ф «Спасатели Молибу»
01.00 х/ф «Ганг, твои воды замутились»
03.25 «Time Vine»
03.40 «31 әзіл»
04.20 «TikTok show»
04.30 «What's up?»
04.50 «1001 әзіл»
05.00 «BALA BATTLE»
05.40 «Ризамын»

7 КАНАЛ

04.10 ҚР Әнұраны
04.40 т/х «Бастық боламын»
06.10 «Сенсация» бағдарлама,
07.20 х/ф «Танцор диско»
11.00 х/ф «Призраки прошлого»
13.00 «Әділет жолы» қоғамдық-саяси бағдарлама
14.10 «Әзілің жарасса»
15.30 т/х «Төртеудің құпиясы»
17.00, 18.00, 02.10 т/с
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Это море переполнится»
23.10 х/ф «Төртеудің құпиясы»
00.40 «Шаншар»
03.30 Тазалық уақыты

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 42 (1305) 30.10.2026 Алатау

ТИІМДІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ КІЛТІ

ЖАСТАРДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ҚАТЫСУ ҚАҒИДАТЫ

Дәстүрлі түрде ересектер жетекшілік ететін жастармен жүргізілетін тәрбие және профилактикалық ақпараттық жұмыстарды жастар пассивті, біржақты іс-қимыл үлгісі ретінде қарастырады. Мұндай тәсілде педагогтердің, мамандардың, ата-аналардың және мемлекеттік құрылым өкілдерінің пікірі басымдыққа ие болып, жастардың өз көзқарасы мен үні көбіне екінші орында қалып қояды. Алайда қазіргі тәжірибе профилактикалық бағдарламалардың тиімділігі жастарды ықпал ету нысаны ретінде емес, толыққанды қатысушысы ретінде қарастырған кезде үдерістің едәуір артатынын көрсетеді.

Жастар — өзгерістердің белсенді қатысушылары

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігінің мамандары жастарға қатысты мәселелерді олардың тікелей қатысуынсыз шешу мүмкін емес деген ұстанымды басшылыққа алады. Жастарды профилактикалық іс-шараларды талқылауға, жоспарлауға және жүзеге асыруға тарту олардың нақты қажеттіліктерін, көзқарастарын және өмірлік тәжірибесін ескеруге мүмкіндік береді.

Жастардың әлеуметтік бастамаларға қатысуы — ақпарат жеткізудің ғана емес, белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуының да маңызды көрсеткіші. Өз пікірінің ескеріліп, қабылданатын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі жастардың жауапкершілігін арттырып, саналы әрекет етуіне ықпал етеді.

Жастарды тартудың оң нәтижелері

Жастардың қатысуымен жүзеге асырылатын профилактикалық бағдарламалардың тәжірибесі бірқатар тұрақты оң өзгерістерді көрсетеді. Олардың қатарында:

- жастар ортасында оң ықпалдың күшеюі;
- волонтерлік қозғалыстың дамуы және жасөспірімдерді әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту;
- болашақ кәсіби қызметке қажетті дағдылар мен құзыреттердің қалыптасуы;
- мамандар мен жастар арасындағы сенімді қарым-қатынастың нығаюы;
- жастардың қажеттіліктері мен мәселелері туралы ақпараттың нақтылығы мен сенімділігінің артуы;
- өзін-өзі жүзеге асыруға және жеке әлеуетін дамытуға қолайлы жағдайлардың қалыптасуы;
- жеке шешімдері мен мінез-құлқы үшін жауапкершіліктің артуы;
- кері байланыс пен нәтижелерді бағалау арқылы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру.

Осылайша, жастардың белсенді қатысуы олардың жеке дамуына ғана емес, жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалардың сапасын жақсартуға да ықпал етеді.

Қатысудың мінез-құлық қалыптастыруға әсері

Жастардың қатысуы атқарылатын іс-әрекеттің мақсаты мен маңызын түсінуге негізделген саналы белсенділікті білдіреді. Профилактикалық бағдарламаларға араласу барысында жастардың өз денсаулығына және өмірлік таңдауына жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасады.

Белсенді қатысу тәуекелді мінез-құлықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған тұрақты көзқарастарды нығайтуға көмектеседі. Жастардың қатысу деңгейі неғұрлым жоғары болса, жүзеге асырылатын бағдарламалардың профилактикалық әсері де соғұрлым нәтижелі болады.

Әріптестік қарым-қатынас моделін дамыту

Қатысу мәдениетін қалыптастыру үшін дәстүрлі «үйретуші — үйренуші» үлгісінен жастар үдеріске тең құқылы қатысатын әріптестік қарым-қатынас моделіне біртіндеп көшу қажет.

Мамандардың пікірінше, мұндай тәсілді дамыту ересектер тарапынан да, жастар тарапынан да уақытты, шыдамдылықты және бірлесіп үйренуді талап етеді. Жастарға тәжірибе жасауға, қателіктерден сабақ алуға, нәтижелерді талдауға және шешім қабылдау үдерісіне қатысуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау маңызды.

Жастардың өз пікірін еркін білдіруі, бастама көтеруі және қоғамдық мәселелерді шешуге араласуы олардың өз күшіне деген сенімін арттырып, қоғам алдындағы жауапкершілігін нығайтады.

Қорытынды

Жастардың профилактикалық жұмысқа қатысу қағидаты — тәуекелді мінез-құлықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын нығайтуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін арттыратын негізгі факторлардың бірі.

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі Талдықорған қаласының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыра отырып, жастарды әлеуметтік маңызы бар жобаларға тарту тәжірибесін жүйелі түрде дамытып келеді. Бұл жұмыс белсенді, жауапты және саналы азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған.

Жастардың қатысуы — қосымша мүмкіндік қана емес, тұрақты әрі тиімді әлеуметтік өзгерістердің негізі. Жастардың пікірін ескеру, бастамаларын қолдау және шешім қабылдау үдерісіне тарту қоғамның дамуына, өзара сенімнің нығаюына және болашақ ұрпақтың әлеуетін ашуға жол ашады.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

СІЗГЕ ҚАУІП ТӨНГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Агрессияға, зорлық-зомбылық қаупіне немесе агрессивті адамдармен жабық кеңістікте қалып қою жағдайларына тап болған кезде, сабырлы әрі дұрыс әрекет ету өте маңызды. Мұндай сәттердегі негізгі мақсат — жанжалға араласпай, қауіпті жағдайдан мүмкіндігінше тез әрі қауіпсіз түрде шығу және көмекке жүгіну.

Бұл ұсыныстар зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас және позитивті тәсіл қағидаттарына негізделген. Ол құрметке, сабырлыққа және жанжалды ушықтырмай алдын алуға бағытталған.

Сабырлы әрі сенімді болыңыз

Қауіпті жағдай туындағанда сабырлы болып, өз әрекеттеріңізді бақылау маңызды. Сөйлесу кезінде сенімді, бірақ тыныш дауыс қолдану қажет.

Дене қимылыңыз да сенімділікті көрсетуі тиіс: түзу жүру, иықты тік ұстау, жерге қарамай алға қарау керек. Ашық дене қалпы мен сенімді көзқарас жағдайды ушықтырмай, өзіңізді бақылауда ұстауға көмектеседі.

Кей жағдайда бейтарап көзқарас пен тыныш мимика агрессияны азайтуға ықпал етуі мүмкін.

Агрессормен сөйлескенде қысқа әрі бейтарап сөздерді қолданған дұрыс: «Кешіріңіз, мен кетуім керек» немесе «Мен асығып тұрмын, кейін сөйлесейік». Кейбір провокацияларға жауап бермеу де қауіпсіздік үшін маңызды.

Қауіпті жағдайлардан аулақ болыңыз

Мүмкіндігінше достарыңызбен немесе таныстарыңызбен бірге жүріңіз. Әсіресе қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін жерлерде (дәліздер, киім ауыстыратын бөлмелер, асханалар және басқа да жабық кеңістіктер) жалғыз болудан аулақ болыңыз.

Топта болу агрессия қаупін азайтады және қауіпсіздікті арттырады.

Өз сезіміңізге сеніңіз

Егер өзіңізді жайсыз немесе қауіпті сезінсеңіз, бұл сигналды елемеңіз. Мұндай жағдайда тез арада қауіпсіз жерге кету қажет.

Ішкі түйсік жиі дұрыс бағыт береді және қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

Қауіпсіздік — жанжалдан маңызды

Қауіп төнген жағдайда ең дұрыс шешім — жағдайдан кету. Қақтығыстан қашу әлсіздік емес, керісінше, өз қауіпсіздігіңізді сақтаудың дұрыс жолы.

Физикалық қарсыласу жағдайды ушықтырып, қауіп деңгейін арттыруы мүмкін.

Көмекке жүгіну және назар аударту

Қауіпті жағдайда айналаңыздағы адамдардың назарын аудару маңызды. Бұл үшін қатты дауыстап көмек шақыруға болады.

Мұндай әрекет агрессорды абдыратып, қауіпсіз жерге кетуге мүмкіндік береді.

Есте сақтаңыз

Зорлық-зомбылыққа зорлықпен жауап беруге болмайды. Бұл тек жағдайды ушықтырады. Қауіпсіз жерге шыққаннан кейін міндетті түрде ересектерге, ата-аналарға, мұғалімдерге немесе тиісті қызметтерге жүгіну қажет. Мұндай мәселелер заң аясында шешілуі тиіс.

Адам қауіпсіздігі — ең басты құндылық. Қауіпті жағдайдан дұрыс шыға білу және уақытылы көмек сұрау — жауапты мінез-құлықтың маңызды бөлігі.

АРТ — ПУТЬ К ЖИЗНИ

В ЖЕТЫСУ УСИЛИВАЮТ ПОДДЕРЖКУ ЛЮДЕЙ, ЖИВУЩИХ С ВИЧ

В Жетысуской области ведётся системная работа по сохранению здоровья и улучшению качества жизни людей, живущих с ВИЧ. Одним из ключевых направлений является антиретровирусная терапия (АРТ) и обеспечение её регулярного и непрерывного приёма. Именно это является основным условием контроля над развитием инфекции.

Проект реализуется Общественным объединением «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» по заказу Управления здравоохранения Жетысуской области. Его главная цель — повысить уровень информированности населения об АРТ, мотивировать людей, проходящих лечение, не прерывать терапию и оказывать им комплексную поддержку.

АРТ — эффективное, но требующее дисциплины лечение

Антиретровирусная терапия не излечивает ВИЧ полностью, однако на сегодняшний день является наиболее эффективным способом контроля вируса. При ежедневном и строго регулярном приёме препаратов вирусная нагрузка может снижаться до неопределяемого уровня.

В этом случае иммунная система сохраняется, общее состояние человека улучшается, качество жизни остаётся на нормальном уровне, а самое важное — вирус не передаётся другим людям.

Важность приверженности лечению

Для эффективности терапии крайне важно соблюдать приверженность лечению, то есть принимать препараты строго по назначению врача и без пропусков.

Однако на практике некоторые пациенты прекращают лечение по разным причинам. Среди них — непринятие диагноза, страх побочных эффектов, недостаток информации, психологические трудности, отсутствие поддержки или бытовые обстоятельства.

Информационная и психологическая поддержка

Чтобы предотвратить подобные случаи, в рамках проекта реализуется комплекс мер поддержки. В медицинских учреждениях проводятся встречи с пациентами, где подробно разъясняется значение терапии.

Психологи помогают справиться с внутренними переживаниями, принять диагноз и избежать социальной изоляции. Также распространяются информационные буклеты и памятки, а при необходимости работает система поддержки и консультаций.

Мнение специалиста

Врач-инфекционист областного Центра по профилактике и борьбе с ВИЧ отмечает важность этой работы:

«Наша задача — не просто назначить лечение. Мы постоянно сопровождаем пациента и оказываем поддержку. Приверженность — это не только дисциплина, но и доверие, мотивация. Там, где есть поддержка, есть и результат».

История из жизни

Реальные истории подтверждают эффективность терапии. Айжан (имя изменено), 35 лет, живёт с диагнозом уже 7 лет:

«Когда я узнала о диагнозе, было очень страшно. Но врачи всё объяснили, я начала регулярно принимать лекарства. Сейчас у меня есть семья, ребёнок учится в школе. Я живу полноценной жизнью. Главное — не бояться и не прекращать лечение», — рассказывает она.

Заключение

Проект, реализуемый в Жетысу, — это не только информационная инициатива, но и реальная поддержка людей, живущих с ВИЧ. Он также направлен на снижение стигмы и страха в обществе.

Сегодня ВИЧ — не приговор. При правильном лечении, поддержке и информированности люди могут жить долго, активно и полноценно.

Каждая принятая таблетка — это шаг к здоровью, стабильности и уверенности в будущем.

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ»

В ТАЛДЫКОРГАНЕ ПОМОГАЮТ ПОДРОСТКАМ ПРОТИВОСТОЯТЬ ИГРОВОЙ ЗАВИСИМОСТИ

В городе реализуется профилактический проект, направленный на снижение игровой зависимости среди молодежи. Инициатором выступает Общественное объединение «Қос Қанат Жетісу» в рамках государственного социального заказа ГУ «Отдел внутренней политики города Талдыкорган».

Профилактика вместо последствий

Игровая зависимость сегодня перестала быть исключительно взрослой проблемой. Специалисты отмечают, что всё больше подростков и студентов вовлекаются в азартные игры. Доступность онлайн-казино, букмекерских платформ и мобильных игровых приложений делает риск формирования зависимости особенно высоким.

Основная задача проекта — не борьба с уже сформировавшейся зависимостью, а её предупреждение. Молодым людям рассказывают о возможных последствиях азартного поведения, учат распознавать первые признаки зависимости и принимать осознанные решения.

Обучение через диалог и участие

В рамках проекта проводятся интерактивные занятия, профилактические лекции и встречи с экспертами. Формат мероприятий построен на открытом общении, где молодежь может задавать вопросы и обсуждать реальные жизненные ситуации.

Особое внимание уделяется работе с молодежью категории NEET — теми, кто временно не обучается и не работает, поскольку именно эта группа считается наиболее уязвимой.

По словам организаторов, ключевой подход заключается в доверительном общении:

— Главная идея — не давление и не запугивание, а понятное и честное объяснение рисков, — отмечают координаторы проекта.

Участникам также предоставляются информационные материалы: буклеты, памятки и тесты, помогающие самостоятельно оценить риск формирования зависимости

.Альтернатива азарту — развитие и знания

Одним из ярких мероприятий проекта стал интеллектуальный турнир «Играй с пользой!», проведённый ранее в Талдыкоргане. Школьники соревновались в логических заданиях, командных играх и образовательных конкурсах.

Организаторы подчеркнули, что цель подобных мероприятий — показать молодежи, что азарт можно заменить полезной и развивающей активностью. Участники отметили, что получили новые знания о психологических механизмах зависимости и способах её предотвращения.

Межведомственное сотрудничество

Проект реализуется при поддержке образовательных учреждений, Жетысуского университета, органов образования и молодежной политики. Такое взаимодействие позволяет охватывать более широкую аудиторию и системно проводить профилактическую работу.

Представители отдела внутренней политики подчеркивают, что эффективность возможна только при постоянной и скоординированной работе всех участников процесса.

Значение проекта

Работа в рамках проекта направлена на решение нескольких ключевых задач:

- повышение уровня информированности молодежи о рисках азартных игр;
- формирование навыков критического мышления;
- создание альтернативных форм досуга;
- развитие культуры обращения за помощью;
- снижение уровня вовлеченности в азартное поведение.

В дальнейшем проект будет расширяться и внедрять новые форматы работы с молодежью.

Организаторы призывают родителей, педагогов и общественность активно включаться в профилактическую работу. Только совместными усилиями можно снизить риски формирования игровой зависимости и сохранить психологическое здоровье молодого поколения.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАР САНЫ ҚЫСҚАРДЫ

«NEET» сөзі ағылшын тіліндегі "Not in Education, Employment, or Training" деген сөздердің аббревиатурасы (қысқартылған түрі). Кейбіреулеріміз үшін жаңа ұғымдағы сөз болғанмен оның қазақша қолданылатын мағынасы "Оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дайындықтан (курстардан) өтпейтін" жастар. Әлеуметтану мен экономикада еш жерде тіркелмеген, белсенді емес немесе жұмыссыз жүрген жастар санатын (әдетте 15-29 немесе 15-34 жас аралығын) белгілеу үшін қолданылады. Басқа елдердегідей бізде де бұл топты ресми түрде "NEET санатындағы жастар" деп атайды. Жасыратыны жоқ, біздің елімізде де осы топтағы жастар жоқ емес. Жетісу облысында 14 пен 35 жас аралығындағы 186 мың жас бар, соның жүз мыңнан астамы ауылдық жерде тұрады. Осы жастарға кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсету, жұмыспен қамту, жеке ісін ашуға грант беру сияқты мемлекеттік қолдау тұрақты көрсетілуде. Соның нәтижесінде облыстағы NEET санатындағы жастар саны 7219-дан 2 792-ге, яғни 61 пайызға қысқарды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық ішкі саясат басқармасының мәліметінше, былтыр «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы бойынша жалпы көлемі 30 млн. теңге көлеміндегі грантты он жетісулық жас иеленген. Бұл жоба ауылда тұратын, жұмыссыз ретінде тіркелген 34 жасқа дейінгі жастарға арналған. Грант иегерлері балық шаруашылығы, асыл тұқымды мал өсіру, сүт өңдеу, агротуризм, киім тігу сияқты бірқатар бағыттарда бастамаларды қолға алған.

Солардың бірі Әнел Елубаева өткен жылы жоба аясында 3 млн. теңге қайтарымсыз гранттың арқасында өзінің жеке ісін ашты.

- Грант қаражаты менің Талдықорған қаласындағы сауда үйлерінің бірінен ұлттық киімдер тігіп, жалға беретін орын ашуыма септігін тигізді. Бұған дейін менің жұмыс тәжірибем болған жоқ. Медицина колледжін бітіргеннен кейін тұрмыс құрып, бала сүйіп, үй шаруасымен айналыстым. Мемлекеттік қолдаудың арқасында бүгін өз жеке ісімді жүргізіп отырмын, - дейді Әнел

Ал биыл жобаға бөлінетін қаржы сомасы өсіп отыр. Дәлірек айтқанда «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасына биыл облыстық бюджеттен 38 млн. теңге бөлініп, қажетті мемлекеттік қолдауға ие болғысы келетін азаматтардың жобалары қазіргі кезде конкурстық іріктеуден өтуде.

Сол сияқты өңірде жастарға жұмысқа орналасу, кәсіби бағдар беру және әлеуметтік бейімделу мәселелері бойынша қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта былтыр NEET санатындағы және ауыл жастарына арналған Жастармен жұмыс орталығы құрылған болатын. Осы орталық пен облыстағы жұмыс берушілер арасында жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған 100 меморандумға қол қойылды.

Қазіргі таңда жұмыссыз жастарға 263 бос жұмыс орны ұсынылып отыр. Олардың арасында дәрігер-нарколог, колледждегі орыс тілі пәнінің мұғалімі, балабақша тәрбиешісі және басқа да мамандықтар бар.

Оған қоса Талдықорған қаласында биыл наурыз айында ашылған «Jastar INFO» орталығы бүгінде жастарға бағыт-бағдар беруде жемісті жұмыс істеп келеді. Кез келген жас азамат мұнда мемлекеттік қолдау шаралары, жұмыс іздеу және қажетті өтініштерді рәсімдеу бойынша толық ақпарат ала алады.

- «Jastar INFO» консультациялық пункті мен NEET санатындағы жастармен жұмыс жөніндегі орталықтың бірлескен «Qosyl» кешенді жобасы аясында 7 мыңға жуық жас ақпараттық-консультациялық қолдаумен қамтылды. Сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, «Жасыл ел» еңбек жасақтары арқылы 635 жас маусымдық жұмыспен қамтылды, - дейді облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Жанерке Бексейітова.

Талдықорған қаласының «Мәнсап» орталығының басшысы Азамат Балтабековтің айтуынша, жастар орталықтарымен бірлесіп жастарды жұмыспен қамту шараларына тарту мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіледі, соның ішінде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерінің рөлі үлкен.

– Жуырда өткізілген ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде 100 кәсіпорын тарапынан 400-ден астам жұмыс орны ұсынылды. Олардың қатарында «ТАТЭК» АҚ, «Қайнар АКБ» зауыты, «Темірбетон» және басқа да кәсіпорындар бар. Жәрмеңкеге 700-ге жуық адам қатысты. Сонымен қатар биыл «Жастар практикасы» аясында 380 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 60%-дан асты. «Мәнсап» орталығы арқылы жастар бір жыл бойы жұмыс істеп, 30 АЕК мөлшерінде жалақы алады. Биыл оның көлемі 129 500 теңгені құрады. Егер қызметкер өзін жақсы маман ретінде танытса, кейін тұрақты жұмысқа қалуға мүмкіндігі бар, – деді ол.

Бір атап өтерлігі, жұмысты жүйелеу мақсатында заманауи цифрлық тәсілдер енгізілуде. Мәселен, биыл «FSM Social» ақпараттық жүйесінің көмегімен жұмыссыз жастарды бірыңғай есепке алу және олармен жүргізілетін жұмысты жүйелі түрде бақылау қамтамасыз етілуде. Ал жауапты мемлекеттік органдардың қызметі цифрлық бақылауға көшіріледі. Қазіргі таңда бұл платформаға 2 800-ге жуық жастың деректерін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл NEET санатындағы жастармен жүргізілетін жұмысты бірыңғай есепке алуға, олардың әлеуметтік жағдайы мен қабылданып жатқан шараларға тұрақты цифрлық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.


Жалпы, Жетісу облысында 14 пен 35 жас аралығындағы 186 мың жас бар, соның жүз мыңнан астамы ауылдық жерде тұрады.

Фотограф:
Қанат Өмірәлинов

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ БҰЗЫЛМАУЫ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөніндегі негізгі талаптар «ҚР мемлекеттік қызметі тіралы» заңеың 8-тарауында беогшіленген. Ал, әдептік мінез-құлық қағидалары мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде бекітілген. Әдеп кодексінде белгіленген қағидалар мемлекеттік қызметшінің атқаратын міндетінің маңыздылығына орай ерекше жауапкершілік жүктейді.



Әдеп кодексі – мемлекеттік қызметішілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді. Ол қоғамның мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі олардың жоғары кәсіби, моральдық-адамгершілік қасиеттері жалпы мемлекеттік қызмет туралы он көзқарасты қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметшілер адалдық, әділеттілік, сыпайылық, ашықтық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды сақтауға міндетті. Қызмет барысында олар азаматтармен қарым-қатынаста әдепті, сыпайы болуға, сондай-ақ қызметтік өкілеттігін жеке мақсатта пайдаланбауға тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.


Мемлекеттік қызметшілердің сыртқы имиджіне қойылатын талаптар мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында тиісті талаптар сақталады. Сол себепті, жалпыға бірдеу қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстану және қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Б.Жаманбалина
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

Полиция на транспорте обращается к родителям, педагогам и несовершеннолетним с призывом соблюдать правила безопасности на объектах железнодорожного транспорта.

ПРОФИЛАКТИКА ДЕТСКОГО ТРАВМАТИЗМА НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ

Железная дорога является зоной повышенной опасности. Несоблюдение установленных правил поведения, невнимательность и беспечность могут привести к тяжёлым последствиям, включая травмирование и гибель людей.



Особую обеспокоенность вызывает нахождение несовершеннолетних на железнодорожных путях без сопровождения взрослых, игры вблизи железнодорожных объектов, переход путей в неустановленных местах, а также попытки пролезть под вагонами или забраться на железнодорожный подвижной состав.

В целях предупреждения детского травматизма полиция на транспорте напоминает о необходимости соблюдения следующих правил безопасности:

* переходить железнодорожные пути только в установленных местах, пользуясь пешеходными переходами, мостами и тоннелями;

* перед переходом убедиться в отсутствии приближающегося поезда и соблюдать сигналы светофора;

* не играть на железнодорожных путях, платформах и вблизи железнодорожных объектов;

* не подлезать под вагоны и не перелезать через них, даже если состав неподвижен;

* не приближаться к краю платформы и не выходить на железнодорожные пути;

* не пользоваться наушниками и мобильными телефонами при переходе через железнодорожные пути;

* не забираться на вагоны, локомотивы и опоры контактной сети, поскольку это создаёт угрозу поражения электрическим током;

* соблюдать требования предупреждающих знаков и указания работников.

Отдел полиции на транспорте на станции Уштобе призывает каждого быть внимательным и ответственным, соблюдать правила безопасности и не оставаться равнодушным к опасному поведению окружающих. При обнаружении несовершеннолетних, находящихся в опасной близости от железнодорожных путей, незамедлительно сообщайте об этом взрослым или сотрудникам полиции.

Жизнь и здоровье детей — наша общая ответственность!

К. Ендибаев,
начальник отдела полиции
на транспорте на станции Уштобе
подполковник полиции

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 42 (1305) 30.10.2026 Алатау

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАРШАҒА

МАҚСАТЫМЫЗ - САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ОРНЫҚТЫРУ









Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубының Талдықорған қалалық филиалының облыс орталығында бұқаралық спортты кеңінен насихаттау және қолжетімді спорт түрлеріне тұрғындарда көптеп тарту жолында өз жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып келеді. Соған байланысты Талдықорған қаласында түрлі турнирлер мен жарыстар тұрақты түрде өткізіліп отырады. Осы жарыстардың басты мақсаты халықтың арасында салауатты өмір салтын орнықтыруға бағытталған. Енді сөзіміздің дәлелді болуы үшін осы жақын арада өткізілген жарыстарға тоқтала кетейік.

Талдықорған қаласының 21751 әскери бөлімінің қаза тапқан жауынгерлерін еске алуға арналған әскери бөлімдер арасында шағын футбол жарысы өтті. Аталмыш жарысқа 10 команда қатысып өзара мықтыны анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша 54380 бөлімінің жауынгерлері жеңімпаз атанды. Екінші орын инженерлік құрам бөлімінің ұжымы еншісіне тиді. Үздік үштікті әскери полиция жігіттері түйіндеді. Сонымен қатар, жеке ойыншылар арасында тағайындалған жүлделерге А.Естаев («Үздік сұрмерген»), Қ.Әшімов («Үздік ойыншы»), А.Ақылбек («Үздік шабуылшы»), М.Сағдатұлы («Үздік қорғаушы») және С.Баданбаев («Үздік қақпашы») ие болды.

Республика күніне орай 18404 әскери бөлімнің әскери қызметшілері арасында өткен спорттық жарыстарға 200 жуық жауынгер қатысып, бақтарын сынады. Жарыс қорытындысы бойынша ПДБ жауынгерлері жеңімпаз атанды. Екінші орынды 2 ДШБ ұжымы еншіледі. Үшінші орынға АДН спортшылары көтерілді.

U-11, U-13, U-15, U-17 жастағылар арасында Регби-7-ден Жетісу облысының күзгі чемпионатына 20 команда қатысып, чемпиондық атақты сарапқа салды. Тартысты да шиеленіске толы кездесулер қорытындысында U-11 санатында Смечарики командасы топжарды. Екінші орын Малычарики регбишілеріне бұйырды. Үшінші жүлделі орынға Тонкичарики ұжымы көтерілді. Ал, U-13 санатында «Арлан-1» регбишілерінің асығы алшысынан түсті. «Бүркіт-1» командасы жеңіс тұғырының екінші сатысына орнықты, ал, үшінші жүлделі орын «Арлан-2» ұжымына бұйырды. U-15 санатында «Жансүгіров» командасының мерейі үстем болды. «Жетісу-1» командасы екінші орынды еншіледі. Үшінші орынға «Жетісу-2» ұжымы табан тіреді.U-17 санатында да «Жетісу-1» ұжымының регбишілері топжарды. Екінші орын да жетісулықтарға бұйырды, яғни, «Жетісу-2» командасы ие болды. Үшінші жүлделі орынға «Жансүгіров» регбишілері жайғасты.

Талдықорған қаласында киокушинкай-кан каратэдан балалар,жасөспірімдер мен қыздар арасында қалалық ашық турнир өткізілді. Шараның басты мақсаты – балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, жеңіске деген жігерін оятып, тәжірибе жинауына мүмкіндік жасау болды. Ашылу салтанатына қатысқан қонақтар мен жас спортшылар бұл бастаманың ауқымына тәнті болды. Аталмыш турнирге 100 ден аса спортшы қатысып, жүлделі орындар үшін бәсекеге түсті.

Талдықорған қаласының жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында көгалдағы хоккейден өткен жарысқа 10 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қызықты да тартымды өткен ойындардың нәтижесінде ұлдар арасында «Бесарыс» командасының бағы жанды. «Айналайын» жігіттері екінші орынға шықты. Ал, үшінші жүлделі орынды «Восток» хоккейшілері түйіндеді. Бесарыстық қыздар да топжарып, «Бесарыс-1» командасы жеңімпаз атанды. Екінші жүлде «Виктория» қыздарына бұйырды. Үшінші орынға «Жетісу-1» командасы жайғасты.

Ұлттық мереке – Республика күніне орай орай Жетісу облысының кәсіптік білім беру ұйымдарының пелагогтері мен қызметкерлері арасында өткен волейбол жарысына 7 команда қатысып, бас жүлдені сарапқа салды. Тартысқа толы өткен ойындардың қорытындысында Көксу ауыл - шаруашылық колледжінің волейболшылары жеңімпаз атанса, Сервис және Технология колледжі екінші орынға көтерілді. Ал, Ақсу агротехникалық колледжі үшінші орынды иеленді. Сонымен қоса, Даулет Вахитов «Үздік ойыншы», Таев Мақсат «Үздік шабылушы», Анвар Расулов «Үздік үйлестіруші», Серік Ибраимов «Үздік либеро», Бауыржан Жұмабайұлы «Үздік қорғаушы» болып танылып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Жеңімпаздар кубок, медальдармен, грамотамен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ақжол ЖОЛАМАНҰЛЫ,
Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс - шараларды өткізу спорт клубы Талдықорған қалалық филиалының басшысы

МАРАФОН

ОЙДАҒЫДАЙ ӨТТІ

Республика күніне орай бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындар арасында спортқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында ересектер арасында марафон ұйымдастырылды. Сүйсінерлігі сол, жарыс жолына шығуға кез келген ниет білдіруші шығуға, өзінің денсаулығын шынықтыра түсуге мүмкіндік алды.





Спорттық іс-шара қатысушылардың белсенділігін арттырып, төзімділік пен шапшаңдықты, жеңіске деген жігерді көрсетті. Марафонның ашылуында қатысушыларға подполковник С.А.Қазақбаев құттықтау сөз сөйлеп, бүгінгі шараға байланысты марафонға жарыс жолына шығудың өзі зор жетістік ретінде танылатынын атап көрсетіп, қатысушылардың бәріне сәттілік, мықты денсаулық және жеңіс тіледі.

Марафон қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты төрт топ бойынша өткізілді. 25–30 жас аралығында Р.Мұсахан алдына жан салмай, сере сызығын бірінші болып қиды. Д.Нұрабай екінші орынды еншілесе, Ж.Азамбай үшінші орынға табан тіреді. 30–35 жас аралығында Е.Молдабек оқ бойы ұзап келді. А.Амангелді мәреге екінші болып жетті. Үшінші орын Е.Әбілқожаға бұйырды. 35–40 жас аралығындағылар арасында С.Қазақбаевтың мерейі үстем болды. А.Нұрлықұлов екінші болып келсе, Б.Сейтқазиев жүлделі үшінші орынға ие болды. 40 жастан асқандар арасындағы жарыста А.Құдабековтың жолы болып, алдына жан салмады. Қ.Қасенов екінші орын алса, А.Махаметов үшінші болып келді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аурнаулы сылықтармен марапатталды. Осылайша, марафоншылар жарысы ойдағыдай өтіп, жұртшылық ризашылықпен тарқасты.


ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ЖІГІТТЕРІМІЗ ЖАРАДЫ

Біздің өңірде қазақ күресінің дами түскенін және күрестің бұл түрін меңгерген жігіттердің қатары арта түскеніне біз тағы бір көз жеткізе түстік. Тау қаласы Текелінің спорт сарайында дүркіреп өткен дүрмекті додада біздің палаундарымыздың жасындай жарқылдап, жүлделі орындарға қол жеткізген жетістіктері жарқын дәлел болса керек.








Атап айтсақ, Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубының қызметкерлері арасында қазақ күресінен өткен облыстық турнирде Панфилов ауданының командасы жоғары нәтиже көрсетіп, командалық есепте III орынды иеленді.

Бұл жетістік — спортшылардың табандылығының, шеберлігінің және командалық бірлігінің нәтижесі. Ұлттық спортты насихаттап, қазақ күресінің дамуына үлес қосып жүрген спортшыларымызға алдағы жарыстарда сәттілік, жеңіс пен толағай табыстар тілейміз! Осыған орай, Панфилов ауданының палуандарын жүлделі орынмен шын жүректен құттықтаймыз! Жеңісті күндеріміз көп болсын!

Сержан ӘБІЛҒАЗЫ,
«Жетісу облысы бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Панфилов аудандық филиалының дене шынықтыру жөніндегі спорт нұсқаушысы

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТТІ



Ж. Үшкемпіров атындағы мектеп-интернат-колледжінің спортшылары таяу күндері екі ірі жарысқа қатысып, жақсы нәтижелерге жетті. Мәселен, біздің оқушымыз Мәдира Жұмақан Черногория мемлекетінің Будва қаласында 1қазан айының 14-29 аралығында өткен U19 жастар арасында әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды! Өкінішке орай, біздің бұрымды боксшымыз финалға шығу жолындағы бәсекеде өзбек қызы Назокат Мардоновамен есе жіберіп, қола медальға ие болды. Оны бұл байрақты бәсекеге білікті бапкер Амырбек Забиев дайындап апарды.

Туризм және спорт министрлігі кубогы аясында Ж.Үшкемпіров атындағы мектеп-интернат-колледжі еліміздегі 4 республикалық және 13 облыстық мектеп-интернаттың ішінен 4-орынға ие болды!

Бұл — спортшыларымыздың табандылығы мен бапкерлеріміздің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Командамызды лайықты жетістігімен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда сәттілік пен жарқын жеңістер тілейміз!

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

МАМАН МІНБЕРІ

ЖСО ЗАҢ АЯСЫНДА ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ

Жеке сот орындаушылар қандай шараларды жүзеге асыратыны жайлы көп адамдар біле бермейді. Сондықтан жеке сот орындаушысы соттың шешімін орындау үшін өз міндеттерін орындауға кіріскенде көптеген азаматтардан жеке сот орындаушысы неге менің үйіме мәжбүрлі түрде кіреді, мүлкімді неге мәжбүрлі түрде сатуға қояды тағы басқа сол сияқты саулдарды жаудырта бастайды.

Ал, жеке сот орындаушылар өздерінің міндеттерін іске асыру үшін оларға мемлекет заңнамада арнайы өкілеттілікті бергенінен де бейхабар болады. Сондықтан борышкер сот орындаушының шақыртуы бойынша барып, оған түсіндірмесін беруге міндетті.Сонымен қатар, өздерінің табыс көздері, мүліктері жайлы ақпараттарды ашық айтуы керек. Егер мұны жасамаса, жеке сот орындаушысы соттың шешімі міндетті түрде іске асырылу үшін өздерінің құзыры шегінде әрекет жасауға көшеді. Бұл жағдай заңнамада көрсетілген.

Бұдан бөлек, Қазақстанда сот орындаушыларының борышкерлердің табысын анықтау жөніндегі өкілеттіктері заң жүзінде кеңейтілгенін де еске сала кетсек артық болмас. Атап айтқанда, қазір жеке сот орындаушылары платформалық жұмыспен қамту саласындағы интернет-платформалар мен мобильді қосымшалардың операторларынан, сондай-ақ ойын бизнесін ұйымдастырушылардан мәлімет сұрата алады.

"Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес, алимент бойынша берешек борышкердің нақты жалақысы мен өзге де кірістеріне қарай есептеледі. Егер борышкер жұмыс істемесе немесе оның кірісін растайтын құжаттар болмаса, берешек республика бойынша орташа айлық жалақы негізінде айқындалады. Бұл ретте ең төменгі жалақы берешекті есептеудің жалпы базасы ретінде белгіленбеген. Егер алиментті борышкердің жалақысынан немесе өзге де кірістерінен үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаса, сот орындаушысы берешек мөлшерін анықтап, мәжбүрлеп орындату шараларын қабылдауға, оның ішінде борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға міндетті, екенін де айта кеткен артық болмас.

Сондай-ақ берешектің бір бөлігін өтеу борышкерді қалған соманы төлеу міндетінен босатпайды және атқарушылық іс жүргізуді тоқтатуға өздігінен негіз болмайтынын да естен шығармау керек.

Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады, сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет. Жеке сот орындаушысы осы мақсатта жұмысын бағыттап, заң аясында әрекет етеді.

Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы

V АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА АЛТЫ МЕДАЛЬ

2026 ЖЫЛҒЫ 18-24 ҚАЗАН КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА ЯПОНИЯ ЕЛІНІҢ АЙТИ-НАГОЯ ҚАЛАСЫНДА V АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ.





Аталған жарысқа Жетісу облысы атынан 4 (пара үстел теннисі, пара пауэрлифтинг, пара садақ ату және бочча) спорт түрі бойынша 11 спортшы қатысты.

Сүйсінерлігі сол, біздің спортшылар Пара Азия ойындарынан жалпы алты медал алып қайтты. Оның екеу күміс және төртеуі қола медаль.

Атап айтсақ, пара садақ атудан жұптық сында 2 күміс медальды – Төлеуқасым Нұршат пен Сейткамал Темірлан қоржынымызға салса, жекелей сында 1 қола медаль Төлеуқасым Нұршат тағы бір қолаға қол жеткізді.

Сондай-ақ, пара үстел теннисінен - 3 қола медальге ие болды. Марат Суртубаев ерлер жұбы және аралас жұп бойынша өнер көрсетіп қос қола медальды еншілесе, Талғат Әрекеев ерлер жұбы бойынша жарысқа түсіп, қола жүлдегер атанды.

Спортшыларымызды осындай тамаша табыстарымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!

Ш. ХАМИТОВ

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Астана қаласында «Барыс Арена» спорт кешенінде өтіп жатқан күрес түрлерінен ересектер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына алғашқы жүлде түсті, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі.









Грек-рим күресінен 55 кг дейінгі салмақта ел намысын қорғайтын Исхар Құрбаев үздік үштікті түйіндеді. Отандасымыз қола медаль үшін белдесуде Үндістан өкілі Лалит Лалитпен күш сынасып, жеңіске жетті. Айта кету керек, 23 жастағы қос палуан биыл жазда Мажарстан астанасындағы рейтингтік турнирдің қола медалі үшін күресіп, ол кезде Құрбаев 18-10 есебімен ұтқан.

Кеше бозкілемге шыққан Исхар алғашқы айналымда жапониялық Кагетора Окамотодан, сосын 1/8 айналымда Ихтиёр Ботировтан (Өзбекстан) басым түскен. Ал ширек финалда Еуропа чемпионы, молдовалық Артём Делянумен күш сынасып, айқын басымдықпен жеңді.

Айта кетейік, 23 жастағы Исхар Құрбаев осыған дейін U23 жас санатында Азия чемпионы атанып, U23 әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болған. Сонымен қатар U20 әлем чемпионатының жеңімпазы.

Көгалдағы хоккейден Жетісу облысының ерлер және әйелдер құрамалары Қазақстан чемпионатында үздік нәтиже көрсетіп, алтын жүлдені жеңіп алды. Қос команда да қарсыластарына дес бермей,чемпиондық атақты қанжығасына байлады.

Ел біріншілігіне Жетісу, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласының командалары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Жетісулық хоккейшілер турнир барысында нәтижелі ойын өрнегін көрсетіп, қарсыластарына қарсы сенімді өнер көрсетті. Осылайша, Жетісу облысының ерлер және әйелдер құрамалары жарысты жеңіспен аяқтап, Қазақстан чемпионы атанды.



2026 жылғы 24–25 қазан аралығында Шымкент қаласында Кекушинкай каратэден Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ауқымды додаға Қазақстанның 20 өңірінен 600- ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған жарыста Жетісу облысының спортшылары қумитэ және ката бағыттары бойынша бақ сынап, жоғары нәтижелер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Нақтылап айтар болсақ, кумитэ бағыты бойынша 18–21 жас аралығында 55 кг салмақта сынға түскен Ұлжан Нұреке чемпион атанды. 14–15 жастағылар арасында 46 кг салмақта бәсекеге шыққан Алинура Наурызбай ақтық айқаста ғана қарсыласына жол беріп, күміс жүлдеге ие болды. 22 жастан жоғарылар арасында 60 келі салмақта татамиге шыққан Любовь Садуақасова қола медальға қол жеткізді.

Ал, ката бағыты бойынша Сания Өмірғажықызы Қасабаева 18 жастан жоғарылар арасында, Айжан Тұрсынғали мен Арсений Иванов 16 – 17 жастағылар арасында қола медаль иегерлері атанды. Ал, осы жас ерекшеліктері бойынша сынға түскен Венера Балабойкина қола медальды қоржынға салды. Сөйтіп, спортшыларымыз жалпы есепте 7 медальға ие болып, олжалы оралды.

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Жетысу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы

ТҮРКІСТАНДА ТАБЫСҚА ЖЕТТІ

ФУТБОЛ

«Жетісу-2012» Футбол орталығы деп атау алған футбол командасы 2018 жылы құрылып, құрамы алты жасар 20-ға тарта балалардан жасақталған болатын. Содан бері сегіз жыл сынаптай сусып өте шығып, кешегі сары ауыз балапандар бүгінгі таңда футбол әліппесін тәп-тәуір меңгерген аяқдопшыларға да айнала бастағандай. Оны бұл ұжымның кейінгі жылдардағы қол жеткізіп келе жатқан нәтижелері де айқын дәлелдесе керек.





Әрине, ауыс-күйіске байланысты команда бастапқы құрамын түгелдей сақталып қалмаса да, негізінен сегіз жыл бұрын футбол орталығынның есігін ашқан өрендердің басым көпшілігі тұрақты түрде жаттығып, жарыстарда команданың намысын жыртып жүр. Бұл күндері команда құрамында 21 бала бар. Олар Даулетбеков Иманали, Байсаринов Ерхан, Омаров Зангар, Маратұлы Даурен, Мұхаметқали Даниал, Адилбек Сұлтан, Королев Тимур, Жанболат Диас, Молдағалиев Діннмұхамед, Сарсенбай Алинұр, Тұрарбек Эндиар, Сейілхан Жансұлтан, Исабеков Мерей, Боранбек Жанат, Бақдаулет Айбар, Немытов Максим, Абдильманов Али, Ақан Алихан, Әбубакір Ислам, Арыстанбаев Аллан, Есенгелді Ерсін.



Балғындарды футбол өнерінің қыры мен сырын меңгеруге баулуда сегіз жылдың ішінде көптеген бапкерлер атсалысты. Команданы бірнеше жыл білікті бапкер Ермек Серікұлы Қалимолдин жаттықтырды. Сол бапкердің жетекшілігмен команда еліміздің бірнеше қаласында болып, Қазақстан чемпионатының ойындарын өткізді. 2025 жылы Талдықорған қаласында Жетісу футболының үздігі Әлібек Батырбековты еске алуға арналған республикалық турнирде команда финалдық ойында ғана ұтылып, екінші орынға ие болды. Үстіміздегі жылдың басынан бастап команданы кезінде өзі де белгілі футболшы болып, кейіннен ұзақ жылғы бай тәжірибесін балалардың бойына дарытып жүрген Ахмет Саид-Салимович Барзукаев жаттықтыра бастады. Білікті маманның басшылығымен «Жетісу-2012» үш мәрте Астанада, бір рет Талдықорғанда және соңғы рет Түркістанда Қазақстан Республикасының чемпионатының ойындарын өткізді.

Сүйсінерлігі сол, команда құрамы «бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай» ұйымшылдық пен шеберлік танытып, әр ойын сайын шеберліктерін шыңдай түсуде. Бұған жақында Түркістан қаласында өткізген ойындары жарқын дәлел бола алады. Команда бес ойын өткізіп, бесеуінде де қарсыластарынан басым түсіп, тамаша табысқа жетті. Оның үстіне, команданың шабуылшысы Тимур Королев қарсыластар қақпасына ең көп гол салып, турнирдің сұрмергені атанды.

Осылайша балғын футболшыларымыздың аяқ алысы жаман емес. Егер алдағы уақытта да аянбай тер төгіп, шеберліктерін шыңдай түсер болса облысымыздың белді командасы «Жетісудың» құрамын толтырулары да әбден мүмкін.

Өз тілшіміз

ДЕНСАУЛЫҚ

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Алғашқы көмектің келесі түрлері бар:

КҮЙІККЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Жану процесін тоқтату - күйікті емдеудегі алғашқы қадам. Тазартуды қажет ететін 9 химиялық зат бар. Электр қуатын өшіру керек. Ағын сумен жылуды тарату керек. Күнге күйіп қалғандар бетін жауып немесе үйге бару керек.

Күйіктің ауырлығы оның тереңдігі мен өлшемімен анықталады:

• Бірінші дәрежелі күйік – Бірінші дәрежелі күйік тек терінің сыртқы қабатына әсер етеді, қызару мен ісінуді тудырады. Бұл кішкентай күйік ретінде қарастырылады.

• Екінші дәрежелі күйік – Көпіршіктер, қызару және ісіну - бұл терінің екі қабатын зақымдайтын екінші дәрежелі күйік белгілері. Күйік ені үш дюймдан асса немесе бетте, қолдарда, аяқтарда, жыныс мүшелерінде, бөкселерде немесе елеулі буындарда болса, ол ауыр күйік деп белгіленеді.

• Үшінші дәрежелі күйік – Үшінші дәрежелі күйіктер терінің терең қабаттарына әсер етеді, нәтижесінде ақ немесе қара тері кейде ұйып қалады. Ол әрқашан ауыр күйік ретінде қарастырылады.

CPR ЖӘНЕ AEDS

Есінен танған адамға жақындаңыз және оның айналасындағы аймақ қауіпсіз болып көрінсе, жүрек-қан тамырлары массажын бастаңыз. Ресми оқуыңыз болмаса да, маманның көмегі келгенше біреуді тірі қалдыруға көмектесу үшін тек қолмен жасалатын CPR қолдануға болады.

Ересек адамға тек қолмен жүрек рефлексиясын қалай жасау керектігі мынада:

• Бір қолды екіншісінің үстіне, ал екі қолды кеудесінің ортасына қойыңыз.

• Әр минут сайын шамамен 100-ден 120-ға дейін қысу жылдамдығымен төмен қарай басу арқылы олардың кеудесін қайта-қайта қысыңыз.

• Bee Gees-тің «Staying Alive» немесе Бейонсенің «Crazy in Love» ырғағымен кеудеңізді қысу дұрыс жылдамдықпен санауға көмектеседі.

• Медициналық көмек келгенше кеудеге қысуды жалғастырыңыз.


АРА ШАҚҚАНДА АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Араның шағуы кейбір адамдар үшін шұғыл медициналық көмек болуы мүмкін. Біреуде ара шағуына аллергиялық реакция болса, жедел жәрдем шақырыңыз. Оларға эпинефринді автоинжектор (мысалы, EpiPen) бар болса, оны табуға және пайдалануға көмектесіңіз. Көмек келгенше оларды сабырлық сақтауға шақырыңыз.

Адамды ара шаққанда және аллергиялық реакцияның белгілері болмаса, оны әдетте үйде емдеуге болады. Егер иіс әлі де тері астында қалып қойған болса, оны несие картасымен немесе басқа жалпақ затпен абайлап сүртіңіз. Содан кейін ауырсынуды және ісінуді



жеңілдету үшін аймақты сабынмен және сумен жуып, бір уақытта 10 минутқа жуық салқын компресс қолданыңыз. Қышу мен ауырсынуды жеңілдету үшін күніне бірнеше рет каламин лосьоны немесе сода мен су қоспасын қолдануды қарастырыңыз.



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: *040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 1001

Индекс 15534